1. «Жалғызда да, мыңда да құт бар». Бұл жерде басты кейіпкердің төрт түлігінің бастысы-жылқысы, яғни көк биесінің Қартқожаның отбасысына азық болып, сол үйдің малдарының құтын, демек берекесін келтіріп отыр деген мағынада жұмсалып тұр.

2. «Бір бие бұлақтың басы, екі бие елдің асы».

3. «Бөрі жоқ деме, бөрік астында». Бөрі жабайы аң болғандықтан, аш болған кезде қойларға түн ішінде, барлығы мұндайды күтпеген кезде тап береді, сол секілді өмірде адам-

дар арасында да, өзің дос деп санаған адам, кенеттен қас болып саған қарсы шығуы мүмкін, сол себептен адам әрдайым сақ, әрі байқампаз болуы қажет.

4. «Дүниеде қызы, келіншегі бар үйдің қабаған иті мен қақбас кемпірі болғаннан кесел жоқ».

5. «Жауынды күні ит пен бала құтырады». Бұл мақалдың мағынасы бір жаман жайт, не оқиға болған кезде бала кішкентай болған соң, ал ит жануар болған соң, айналада қандай жамандық болып, ол неге алып келетінін түсінбегендіктен еш уайымдайды деген мағынада жұмсалып тұр.

6. «Арыстан айға шабамын деп, аяғын сындырыпты». Бұл жерде мақал ауыс мағынада қолданылып тұр, ол күшің, мен істеген ісің қаншалықты мықты болса да, бұл істе ештеңе істей алмайсың деген мағынада жұмсалып тұр.

7. «Мал адамның бауыр еті ғой». Бұл мақал да ауыс мағынада қолданылып, мал қазақ халқында тек күнделікті пайдаланатын азық қана емес, сонымен қатар оны жақынына теңеп, үй жануарын бауыр еті деп санап, оны да баланы бағып, өсіру секілді адам баласы үшін істеген тіршілігінің нәтижесі, жемісі ретінде санап, төрт түлікті қастерлейтіндігін аңғартып тұр.

8. «Нар жолында жүк қалмайды». Бұл мақал да ауыс мағынада қолданылып, еңбек ететін адам әрдайым қиыншылықтарға төтеп беріп, оны ешбір қиындық тоқтатпайды деген мағынада жұмсалып тұр.

9. «Жуас түйе жүндеуге жақсы ғой». Бұл мақал адамның мінезіне қарап айтылатын мақал, жуас адамды ұрсып-сөуге, айтқанына көндіруге оңай деген мағынада. Сонымен қатар жуас жанның барлық нәрсеге көндіге қарайтындығына байланысты, одан күшті сотқар, тентектердің момындардың жуастығын пайдалану мағынасында қолданылған.

Мақал-мәтелдердегі сандар символикасы.

1. «Ел құлағы елу». Адамдар әрдайым жаңа нәрселерді, яғни жаңалықтарды біліп, алма-сып отырады. Күнделікті болып жатқан жайттардан адамдар әрдайым хабардар. Әр адамның таныстары, туған-туысқандары болғандықтан, жаңалық та көп болады, соған байланысты бір оқиға болған кезде сол жайтты көрген, естіген адам өзінің таныстарымен, ал ол адам басқаларымен жаңалығымен бөліседі. Сондықтан да, көп адамдар жалпыланып ел деп айтылып, олардың әр жерде құлақтары яғни таныс-тамырларының әр нәрседен хабардар екендігі айтылады.

«Адам» тақырыбы.

1. Біртағанды қара сөз түріндегі мәтел. «Сұлу – сұлу емес, сүйген – сұлу». Бұл жерде адам рухани жан дүниесіндегі ең керемет болып табылатын және уақыт өте келе пайда болатын сезім-махаббат сезімінде болған кезде, ұнатқан адамын кемшіліктерімен қоса қабылдап, ол адамның келбетін айналадағылар көріксіз деп есептесе де, оған сезімі бар адам, оны әлемдегі ең әдемі, яғни сұлу деп ойлайды, демек біреу белгілі бір адамның келбетін онша емес деп санаса, ал сол адамды сүйетін адам керісінше оны көрікті, сұлу деп санайды.

2. «Ай десе аузы бар, күн десе көзі бар». Бұнда әйел адамының сұлу келбетін аспандағы ай мен күннің жарқырап шашылған сәулесіне балау, яғни асқан сұлудың келбетіне тәнті болу.

«Қоғам» тақырыбы. «Салт-дәстүр» тобына жататындар:

1. «Аталы сөзге арсыз таласады». Аталы сөз – біздің арғы ата-бабамыздан қалған, ел есінде қалған, көптеген тарихи кезеңдерді өткеріп, сақталған нақыл сөздермен тек қана оның мән-мағынасын түсінбеген арсыз, ұяты жоқ адам ғана таласпаса, басқалары таласпайды деген мағынада жұмсалып тұр.

Логикалық-семантикалық топ. «Мүдделестік» тобына жататындар:

1. «Бай бастас, батыр құлақтас». Ауыс мағынада қолданылған мақал, ол байлардың ойы тек қана байлығын, дүниесін көбейту болса, ал батырлардың ойлары басқа батырлардың ой-пікірінен хабардар болу екен деген мағынада жұмсалып елді басқаратын осы екі топтың мүдделері, екіге бөлінсе де, әр топтың ішіндегі көзделген мақсат ортақ екендігі аңғарамыз.

4. Қорытынды

Қорытындылай келе, мақаламызда баға жетпес асыл қазынамыз ауыз әдебиетінің бір тармағы мақал-мәтелдер сараланып, талқыланды. Мақал-мәтел – сөздің тұздығы. Мақал-мәтелдер ұрпақтар ойының қиыннан қиыстырылған жүйесі мен қоғамдық тарихы тәжірибеде қорытылған жиынтығы, даналық ойдың шежіресі мен халықтың рухани өмірінің энциклопедиясы.

диясы. Олар әлеумет өмірінің алуан саласын көркем образ түрінде бейнелеп, адамның сонау сәбилік дәуірінен сыр тартып, ұрпақтар үнінің жаңғырығынан елес беретін елгезек жанр. Ғылыми мақала Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романындағы этнолингвистикалық мақал-мәтелдерді анықтауға арналған. Жазушы өз шығармасында мақал-мәтелдерді орынды пайдалана отырып, оқырман қауымына өзекті мәселелерді нақты да әсерлі жеткізе білген.

Әдебиеттер тізімі

Мәлік Ғабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті / Алматы, – 1974. – 319 б.

Әбдуали Қайдар. Халық даналығы / Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, – 2004, – 560 б.

Қанапина С.Ғ. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі / Алматы: New book, – 2021. – 224 бет.

Жәрдем Кейкін. Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі / Алматы: Өлке» баспасы. – 2002. – 448 б.

Нұрғалиұлы Нұқан. Қазақ мақал-мәтелдері / Үрімжі: Шынжаң халық баспасы, – 2006. – 498 б.

Жүсіпбек Аймауытов. «Қартқожа» / Павлодар: ЭКО, – 2011. – 139 б.

КАНАПИНА, С.Г., НАБИ, Т.Б., ЖЕТПИСБАЙ, С.Б., ҚАБДРАХИМ, У.Қ.

ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРОК НА ЯЗЫКЕ РОМАНА ЖУСУПБЕКА АЙМАУТОВА «КАРТКОЖА»

Казахские пословицы и поговорки – одна из богатейших областей казахской устной литературы, веками живущая вместе с народом и унаследованная от поколения к поколению. Данная статья посвящена изучению этнолингвистического характера пословиц и поговорок в романе Жусупбека Аймаутова «Карткожа».

Ключевые слова: пословица, поговорка, этнолингвистика, мудрая мысль, духовное сокровище, литературное наследие.

KANAPINA, S.G., NABI, T.B., ZHETPISBAY, S.B., KABDRAHIM, U.K.

ETHNOLINGUISTIC CHARACTER OF PROVERBS AND SAYINGS IN THE LANGUAGE OF ZHUSUPBEK AYMAUTOV'S NOVEL «KARTKOZHA»

Kazakh proverbs and sayings are one of the richest areas of Kazakh oral literature, living together with the people for centuries and inherited from generation to generation. This article is devoted to the study of the ethno-linguistic nature of proverbs and sayings in the novel «Kartkozha» by Zhusupbek Aymautov.

Key words: proverb, saying, ethnolinguistics, wise thought, spiritual treasure, literary heritage.

УДК 433

Бекмагамбетов, Р.К.,

кандидат исторических наук,
ассоциированный профессор
кафедры истории Казахстана,
КРУ им. А.Байтурсынова

Абасов, Н.А.,

магистрант, I курс, «История»
КРУ им. А.Байтурсынова
Костанай, Казахстан

ЭТНОГЕНЕТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ ТАТОВ: ИСТОРИОГРАФИЯ ВОПРОСА

Аннотация

Данная статья представляет собой историографический обзор источников и литературы по изучаемому вопросу. В статье представлены этимология термина, история употребления термина тат, историческая трансформация смысла данного термина. Обзор исторических источников представлен в хронологическом порядке, рассмотрены источники: средневековые тюркские и арабские, источники советского периода и современно-

сти. Целью данной статьи явилось определение уровня изученности вопроса этногенетической истории татов, установление соответствий и различий в трактовке исторических понятий и определений, нахождение малоизученных областей вопроса исследования.

Ключевые слова: таты, историография, этногенез, история.

1. Введение

Изучение этногенеза и этнографии татов, одного из этносов Кавказа остаётся актуальным и по сей день по ряду причин: вопрос этнической истории татов мало изучен, дискуссионными остаются этнографические особенности этноса, языковая и религиозная принадлежность. История Турана тесно связана с историей Казахстана, историческая взаимосвязь тюркских и иранских этносов предполагает детальное изучение как народов Центральной и Средней Азии так и этнических объединений Иранского нагорья и Кавказа, особенный интерес в данном контексте представляет этнос татов – народа численность которого официально составляет чуть более 30-ти тысяч человек. Данный этнос прошел длительный этап развития, сумел сохранить свои культурные и языковые особенности в тюркской среде.

2. Материалы и методы

В данной статье рассматриваются исторические источники и литература посвящённая вопросу этногенетической истории татов, их этнографии и культуры. В ходе историографического обзора были использованы общенаучные методы исследования, историко-генетический метод с целью изучения происхождения и этапов развития этноса. В процессе работы с источниками применялся историко-сравнительный метод с целью познания различных исторических ступеней развития одного и того же явления в литературе и источниках разных периодов.

3. Результаты и обсуждение

Этноним тат упоминается в различных источниках начиная с орхонских надписей VIII века, где татами именуют часть населения Средней Азии. Значение слова тат учёный-лингвист В. Томсен объясняет как «подданные иностранного происхождения» [1], по его предположению, в тюркских письменах речь шла преимущественно об ираноязычном населении, покорённом тюрками. Исследователь Х.Х. Шедер в своем «Die Welt des Islams» [2] подтверждает утверждение В. Томсена о том, что термин тат употреблялся в отношении ираноязычного населения Восточно-Тюркского каната.

Позже в XI веке данный этноним встречается в мусульманских источниках, в частности у М.Кашгари в его «Диван лугат ат-турк» [3], значения термина во всех случаях схожее, так называли ираноязычное население покорённое тюрками. М.Кашгари отмечает, что в его время этнонимом тат стали называть китайцев и уйгуров, но такое употребление считает неверным.

Этноним «тат» встречается и в героическом тюркском эпосе «Книга моего деда Коркута» [3] в значении «чужестранца», «иноверца». Во всех случаях данный термин используется тюрками для обозначения иностранцев, которые были преимущественно представлены ираноязычными народами.

Абул Гази в своем труде «Родословная туркмен» XVII века отмечает: что во время первых походов огузов на запад «в Ираке, Хорасане и Мавераннахре государи, сипахи и райяты – все были таты. Кроме татов никого не было» [4].

Н.Муравьев сообщает, что в начале XIX века в Туркмении татами называли «первобытных обитателей Средней Азии» [5], которые как известно изначально были представлены ираноязычными этносами, уже позже покорённые тюрками. Изучение же истории татов как отдельного этноса Кавказа началось в начале XX века, когда К.М. Курдов в своей статье «Таты Дагестана» в «Русский антропологическом журнале» 1907 года, впервые обозначил татов как отдельный ираноговорящий этнос проживавший на территории юга современного Дагестана и севере Азербайджана [6].

Уже позже Б.Миллер в своем труде «Таты и их расселение и говоры: (материалы и вопросы)» [7] 1929 года разграничил понятия «таты-мусульмане», «таты-иудеи» и «талыши»,

так как в СССР было считать одним народом этносы, имеющие различное происхождение. Исследование Б.Миллера дало начало более детальному изучению данного вопроса другими исследователями. Наиболее точно Б.Миллер сообщает о месте расселения этноса в начале XX века это районы: Апшерон, Хизинский район и Кубинские уезд. Автор соотносит сведения переписи 1926 года с реальными подсчетами и отмечает, что местные власти намеренно занижают численность татов, объясняет это автор нежеланием местной администрацией признать неудачи в языковой политике. В работе Б.Миллера подробно описывается уровень взаимоотношений тюрков и татов, связь последних с исторической родиной – Ираном. Автор сообщает, что многие жители Кавказа сохраняют культурные связи с Персией, регулярно посещают религиозные центры шиитских общин. Особо можно отметить достоверность географических данных проживания этноса, в работе дается подробное описание состава татских общин Южного Кавказа. Б.Миллер справедливо отмечает, что в его цель не входило изучение татов Дагестана и его сведения раскрывают в полной мере значительную часть этноса, но не всего народа в целом.

Г.А. Гулиев «Народы Азербайджанской Советской Социалистической Республики. Таты» [8] в 1962 году продолжил изучение этноса, подвергнутого ассимиляции внутри тюркской среды, но сохранившего языковое отличие. Г.Гулиев отмечает, что Таты в большинстве своем сохраняют культурные особенности своего народа, но все чаще причисляют себя к азербайджанцам.

Уже в следующем 1963 году вышел труд известного исследователя индоиранских языков, лингвиста А.Л. Грюнберга-Цветиновича «Язык североазербайджанских татов» [9], где автор анализирует языковые особенности этноса, отмечая существенное различие между азербайджанским языком тюркской языковой группы и татским, который относится к иранской группе индоевропейской языковой семьи, но довольно отдалён от современного персидского и считается самостоятельным языком в силу своей долгой изоляции. Автор отмечает, что в лексическом значении татский язык близок современному персидскому, но заметно структурное и лексическое влияние азербайджанского языка. По мнению А.Л. Грюнберга прототип татского языка стал складываться приблизительно в XI-XII веках в Закавказье. В работе представлены локальные различия татского языка, автор объясняет причины языковых различий между поселениями, где проживают таты, различия эти связаны в основном с религией и историей отдельных поселений.

Интересным является исследование Ф.Д. Люшкевич «Термин тат как этноним в Средней Азии, Иране и Закавказье» [10] 1971 год. В данном труде автор проследила историю этнонима тат, эволюцию значения термина. В данном исследовании можно отследить историю развития этноса, результаты интерпретации самого этнонима и формирование производных от термина тат этнонимов. В своей работе автор разграничивает социальные и этнические признаки применения термина тат, отслеживает историю термина, его значение и употребление в разные времена в тюркских государствах. Ф.Д. Люшкевич основываясь на арабской и тюркской историографии доказывает различия в понятиях тат и таджик, объясняя что два народа имеют общие этнические корни в Иране, но достаточно различны к моменту образования этносов и схожесть этнонимов обусловлена тюркским влиянием.

Исследование Б.Нувахова «Таты России: прошлое и настоящее» [11] 1997 года, содержит сведения о истории этноса в составе России преимущественно автор рассматривает вопросы истории татов проживающих на территории Дагестана. Важным в данном труде необходимо отметить исследование этнографических особенностей татов. Как отмечал Б.Миллер ему удалось описать татов Закавказья, но территория Дагестана осталась Миллером почти не изучена, этот пробел восполнил именно Б.Нувахов. Ценны сведения автора о территории расселения татов, Б.Нувахов утверждает, что Дербент – второй по численности город Дагестана является неофициальной столицей татского этноса, именно в окрестностях Дербента локально проживает основная часть дагестанских татов, более того, автор отмечает, что дербентский диалект татского языка лег в основу литературного языка татов. Рас-

смаатривая историю этносов: татов, осетин, талышей и курдов, Б.Нувахов отслеживает процессы этногенеза и развития этносов, подтверждениями изменений выступают языковые различия этноса на разных этапах его развития. Особая ценность данного труда заключается в богатых этнографических данных, автор повествует об обычаях татов, сравнивает обрядности ираноязычных татов и тюркских народов, большое внимание уделяет татской литературе.

Большое значение в вопросе изучения этногенеза и этнографии играет работа Дымщица В.А. «Горские Евреи / История, этнография, культура» 1999 года, в данном труде автор снова поднимает вопрос этнической принадлежности татов, он разграничивает понятия татов-персов и татов-евреев, так как в результате политики антисемитизма многие горские евреи во время переписей населения записывались татами.

Уже в XXI веке в 2002 году публицист М.Е. Мататов выпустил свою работу «Таты самобытная народность Кавказа», данный труд подвергся критике общественности ввиду неоднозначного политического прошлого автора, но сам труд является частью процесса исследования этноса татов. М.Е. Мататов рассматривает историографию вопроса, проводит сравнения исторических сведений об этносе, разграничивает понятия татов-иудеев и татов-мусульман, объясняет происхождение этносов, влияние на процесс этногенеза религиозного и политического факторов.

В настоящее время в Азербайджане, где локально проживает большая часть этноса, проводится политика ассимиляции татов, исследования на тему этногенетической истории народа не проводятся на должном уровне, но тема актуальная, так как в прессе и среди представителей самой татской общины изучение истории и особенностей этноса продолжается.

4. Выводы

В результате историографического обзора была собрана основные сведения о татском этносе, вопросах его формирования и развития. Источники представление в данной статье раскрывают множество вопросов о происхождении этноса, его истории и культуре. Этнографические и лингвистические материалы представленные в исследованиях вышеназванных авторов позволяют отследить территорию расселения этноса, его культурные особенности. В то же время, данное исследование обозначило проблемное поле изучаемого вопроса. Этногенетическая история татов не изучена в полной мере, сведения в источниках иногда противоречат друг другу, имеются несостыковки. Для полноценного изучения вопроса необходимо провести исследование подкрепленное современными источниками, соотнести все имеющиеся сведения и сформировать целостную картину этногенеза и развития татов, их этнографических и культурных особенностей.

Список литературы

- Thomsen V.. Turcica. Etudes concernant l'interpretation des inscriptions turques de la Mongolie et de la Siberie, «Memoires de la Societe Finno-ougrienne», XXXVI, Helsingfors, – 1916-1917.
- Schaeder Н.Н., Tiirkische Namen der Iranier, «Die Welt des Islams». – 1941, Sonderband.
- Кляшторный С.Г., Древнетюркские рунические памятники / М., – 1964, – с.123.
- Кононов А.Н., Родословная туркмен. Сочинение Абул Гази хана Хивинского / М., – 1958, – с.56.
- Муравьев Н., Путешествие в Туркмению и Хиву в 1819 и 1820 гг. / М., – 1822.
- Курдов К.М. «Таты Дагестана» / «Русский антропологический журнал». – 1907, – № 3-4.
- Миллер Б.В.. Таты, их расселение и говоры / Баку, – 1929.
- Гулиев Г.А.. Народы Азербайджанской Советской Социалистической Республики. Таты. – 1962. – с.181.
- Грюнберг А.Л. Язык североазербайджанских татов / Л.: Изд-во АН СССР, – 1963. – с.8.
- Люшкевич Ф.Д. Термин «тат» как этноним в Средней Азии, Иране и Закавказье. – «Советская этнография», – 1971, – с.25.
- Нувахов Б.Ш. Таты России: прошлое и настоящее / Борис Нувахов; РАН. О-во востоковедов / М., – 1997.
- Дымщиц В.А. Горские Евреи / История, этнография, культура / М.; –1999.
- Мататов М.Е. Таты – самобытная народность Кавказа / М. Мысль, – 2002.

БЕКМАГАМБЕТОВ, Р.К., АБАСОВ, Н.А.

ТАТТАРДЫҢ ЭТНОГЕНЕТИКАЛЫҚ ТАРИХЫ: МӘСЕЛЕНІҢ ТАРИХНАМАСЫ

Бұл мақала зерттеліп отырған мәселе бойынша дереккөздер мен әдебиеттерге тарихнамалық шолу болып табылады. Мақалада терминнің этимологиясы, тат терминінің қолданылу тарихы, осы терминнің мағынасының тарихи өзгеруі көрсетілген. Тарихи дереккөздерге шолу хронологиялық тәртіпте келтірілген, дереккөздер: ортағасырлық түркі және араб, кеңестік кезең мен қазіргі уақыттағы дереккөздер болып саналады. Бұл мақаланың мақсаты таттардың этногенетикалық тарихы мәселесінің зерттелу деңгейін анықтау, тарихи ұғымдар мен анықтамаларды түсіндірудегі сәйкестіктер мен айырмашылықтарды белгілеу, зерттеу мәселесінің аз зерттелген бағыттарын табу болды.

Кілт сөздер: тат, тарихнама, этногенез, тарих.

BEKMAGAMBETOV, R.K., ABASOV, N.A.

ETNOGENETIC HISTORY OF THE TATS: HISTORIOGRAPHY OF THE ISSUE

This article is a historiographic review of sources and literature on the issue under study. The article presents the etymology of the term, the history of the use of the term tat, the historical transformation of the meaning of this term. The review of historical sources is presented in chronological order, the sources are considered: medieval Turkic and Arab, sources of the Soviet period and the present. The purpose of this article was to determine the level of study of the issue of the ethnogenetic history of the Tats, to establish correspondences and differences in the interpretation of historical concepts and definitions, to find little-studied areas of the research issue.

Key words: tats, historiography, ethnogenesis, history.

ӘОЖ 82.0 (574)

Оспанұлы, С.,

*филология ғылымдарының
кандидаты, профессор*

Мырзағалиева, К.,

филология ғылымдарының кандидаты,

Тіл және әдебиет теориясы кафедрасының

Қауымдастырылған профессоры

А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ,

Қостанай, Қазақстан

ДОМБЫРА

Түйін

Қазақтың жеті кереметінің бірі – домбыра. Мақалада осы қарапайым музыкалық аспаптың атауының қайдан шыққаны, тарихы, пернелерінің ел арасында орныққан дәстүрлі атаулары, домбыра күйлеріндегі қағыстар, оны ерекше қадірлеп, жанындай сүйген тұлғалар жайында әңгіме қозғалады.

Кілт сөздер: домбыра, аспабы, қазақ, ното, қазақ өнері, перне, күй, күйші.

1. Кіріспе

Домбыра – біздің дәуірімізге дейін 5 мың жыл бұрын пайда болған. 2010 жылы Қытайдың Шыңжан өңіріндегі Толы ауданында тұратын қандастарымыздың 10495 (!) домбырашысы бізге сонау ғұндардан (б.д.д. III ғ.) жеткен асыл мұраларымыздың бірі «Кеңес» күйін тартып, қазақтың қарапайым қара домбырасын Гиннестің рекордтар кітабына енгізді.

2018 жылы 1 шілдеде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жарлығымен бекітілген жаңа мейрам – Ұлттық домбыра күні жыл сайын шілде айының алғашқы жексенбісінде аталып өтілетін болды. «Ана тілі» газеті осы ұлттық домбыра күні мейрамы алдында халықтан сүйінші сұрай отырып: «Домбыра – қазақтың төл аспабы. «Нағыз қазақ – қазақ емес,

нағыз қазақ – домбыра» деп Қадыр Мырза Әлі ақын жырлағандай, ұлттың болмыс-бітімі, мінезі, дүниетанымы, ұлттық коды домбырада жатқандай, – деп марқайыс білдіре жазды [1].

Домбыра – сонау ғұн, түркі-монғол мәдениетімен тамырлас қазақтың ең сүйікті аспабы. Оны халық «Қазақтың жаны» деп қадір тұтып, қасиетті, киелі санаған. Оның үнінде ата-бабаларымыздың арманы, ұшы-қиырсыз кең даламыздың сыры бар. Жанға дәру, мұңайғанда серпілтіп, жүрегіне нұр құяды. Ортайған көңіліңді толтырып, өршіл рух сыйлап, қамыққанды демейді, тарыққанды жебейді. Ол -қалғып жатқан сезімді оятар құдіретті дыбыс, ел тарихы, деміккенге – тыныс, рухани ырыс.

2. Материалдар мен әдістер

Домбырадан алшақтау – дәстүр-салтымыздан алшақтау. Домбыраны сыйламау – қазақты сыйламау. Сондықтан да бір-бірімен үндесіп, аспанмен, жермен тілдесіп, елді емірентер, жүректі тебірентер жанға жайлы қоңыр үнді егізімізді ұлықтау – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз.

Тәуелсіздік алаңында тұңғыш рет екі мың домбырашы Түркештің «Көңілашар», Құрманғазының «Адай», «Сарыарқа», Нұрғисаның «Ата толғауы», Ә.Желдібаевтың «Ерке сылқым» күйлерін орындап, халқымызды бір серпілтіп тастады.

Алматы облысы Жамбыл ауданының Майтөбе жайлауынан табылған таңбалы тасқа ойылып салынған домбыра суретінің табылуы музыка зерттеушілеріне үлкен жаңалық әкелді. Өйткені бұл сурет біздің дәуірімізге дейін 4 мың жыл бұрын қашалған.

Бұл жайында музыка зерттеушісі, акустика жөнінде диссертация қорғаған ғалым, күйші Жұмагелді Нәжімеденов Еуропа музыка аспаптарына қатысты мәдениет оныншы, скрипка тарихы он үшінші ғасырдан басталатынын айтып: «Италияның әйгілі жиһангері Марко Полоның «Қалың қол ұрысқа дайындалып тұрған кезде жауынгерлердің жүйке жүйесін тыныштандыру үшін екі ішекті аспабын ойнайды» деп жазғаны біз туралы», – дейді. – Біз қобызды Қорқыттың есімімен байланыстырамыз. Яғни бұл сегізінші ғасыр. Тіпті одан ары да ғұндардың, сақтардың кезінде қылқобыз, домбыра, сыбызғы болған деген деректер бар. Шертпелі аспаптар, мәселен, балалайка, гитара, мандолина, секілді аспаптардың тарихы 14-15 ғасырдан басталады. Мына құнды дерек, яғни домбыра жер бетіндегі бүкіл ішекті аспаптардың арғы атасы болуы әбден мүмкін [2].

Домбыра сақ тайпалары мен ғұндардың (б.д.д. III-II ғ.), Қимақ қағанатының (б.д.д. VI - XI ғ.) аспабы болғанын, тіпті Арал маңындағы Қойқырылған қаласына қазба жұмыстарын жүргізген кезде табылған, б.д.д. IV-III ғасырдан қалған, күйдірген саз балшықтан жасалған қоланда қос ішекті домбырасы бар адамның мүсіні табылған.

Алтайдан бітік жазуы бар домбыра табылғаны да кезінде баспасөз беттерінде жазылды. Үңгірден табылған музыкалық аспап екі ішекті, тоғыз пернелі. Моңғолия жасаған экспедиция кезінде бұл көне жәдігер моңғолдардың ат қобызы (Морин-хуур) емес, шертпелі домбыра екенін түркі танушы ғалымдар Қаржаубай Сартқожаұлы мен Жантегін Қаржаубайұлы дәлелдеп, моңғолия ғалымдарының көздерін жеткізді. Бұл домбыра 1500 жыл бұрын жасалыпты.

3. Нәтижелер мен талқылау

«Аспап пен адам ағзасының арасында тек физиологиялық қана емес, анатомиялық ішкі сәйкестіктер де жетіп артылатыны дәлелдеуді қажет ете бермейтін ақиқат», – деп жазады фольклортанушы ғалым Берік Жүсіп.

Төмендегі медициналық кітаптан алынған адам омыртқасының қаңқасына назар аударыңызшы. Домбыраның басы мен мойнынан айнымайды.




Рис. 13. Позвоночный столб.

а — вид спереди; б — соотношение тел позвонков с межпозвоночными дисками и переходные границы отделов позвоночника (схема).

Адамда 24 омыртқа болады екен. Ал олардың арасындағы сақина (орыс тілінде («диска» дейді – С.О.) саны-23. Домбыраға тағылатын пернелердің саны да-23. 23 перненің әрқайсысының атауы бар. Кездейсоқтық па, әлде қалай?! Таңқаларлық ұқсастық.

Домбыра жасалуы жағынан әртүрлі.

Қазақтың қара өлеңінде:

Түрі бар домбыраның бүктемелі,

Кім оны жол жүргенде жүк көреді,-

деген жолдар кездеседі. Біз бүктемелі домбыраны Дәнеш Рақышевтің әндерін құлай сүйіп, нәшіне келтіре орындайтын Зарықбек Рақыжанов тартып жүретін.

Домбыра пернелері мойынды түгел орамай, бетіндегі иілмейтін қатты ағаштан жасалатын мойынғақтың (орыстар перекладка дейді С.О.) астын тесіп өткізілген. Мойны тұғырға бұранда темір арқылы жалғанған, керегінде бұрап алуға ыңғайлы. Ел арасында мұндай домбыраны «алмалы-салмалы», «кепілді бұраулы», «жалғамалы» деп те атайды екен. «Үшем домбыра», «Желбезекті домбыра», «Қуыс мойын», «Қоссаз», «Үш ішекті домбыра». Үш ішекті домбыраны алғаш Жарқын Шәкәрімовтің қолынан көрдік. Жарқын бұл аспапты еркін меңгерген күйші еді.

Екі жақты (аша) домбыра да болған. Домбыраның әр бетіне екіден ішек тағылғандықтан бұл аспап төрт ішекті аталып кеткен. Домбыраның бір жақ бетіндегі ішекті теріс бұрауда (квинта), екінші жағындағы ішегін оң бұрауға болады. Ертеде күй сайысына түскен домбырашылар арасында бұл домбыра «аша», «әмбебап», «қос бет» домбыра деп аталған. Бұл нұсқадағы домбыраны көбінесе солақай ойнайтын күйшілер қолданады. Шанағы текше, қалыңдығы 5-7 см, ұзындығы 85 см болып келеді [3, 114 б].

Екі жақты (аша) домбыраны өндеп, қалпына келтірген шебер Дәркембай Шоқпарұлы. Домбыра түрлері туралы «Қазақ дәстүрлі музыкалық аспаптары» кітабында жақсы жазылған, суреттер, берілген. Сондықтан оларға тоқталмаймыз. Домбыраны оңқай да, солақай да ойнай беруге болады. Бізге оңқайларға қарағанда солақайлар мықты тартатын сияқты. Мысалы Мендіғали Сүлейменов (1867-1942), Әлқуат Қожабергенев (1911-1980), вертуоз Нұрғиса Тілендиев, қазір есімі ұмытыла бастаған Қазақстанның еңбегі сіңген әртісі Ғали (Мұхамедғали) Дүйсеков, Тәттімбет атындағы республикалық байқаудың бас жүлдегері Қайрат Айтбай, ақын күйші Жүмекен Нәжімеденов, әнші, домбыраны ешкімді қайталамайтын өзіндік әдіс-

пен іліп-қағып шертіп тартатын Манарбек Ержанов, Америка құрама штаттарына барып, күй тартып, қазақ домбырасының кереметтігін көрсеткен жас күйші Мұрагер Сауранбаев.

Ғалым дәрігерлер де, психологтар да солақайлардың оңқайларға қарағанда қабілет-қарымы жоғары болатынын, әсіресе шығармашылық жұмыспен айналысатындардың интуициясы барынша жақсы дамығанын, олардың өте сезімтал екенін дәлелдеді. Орайы келгенде айта кетейік, кейбір суретшілер күйшілер суретін салғанда солақай ұстатып қояды. Мәселен басын бәйгеге тігіп, Шыңғысхан алдына барып ұлының өлімін домбырамен жеткізген Кетбұға солақай ма екен? Солақай болса, оны кім көрген?!

«Жас Алаш» газетінде «Кетбұқа мен Кетбұға – рухы да, тәні де бөлек екі адам» деген мақалаға орай берілген суретте Кетбұға домбыраны солақай тартып отыр (23 шілде 2020). Шымкентте шертпе күйдің шебері Сүгір Әліұлына қойылған ескерткіште де күйші домбыраны солақай ұстап тұр. Осы сияқты суретшілер Құнанбай портретін жасағанда да біресе оң көзін, біресе сол көзін жұмдырып қояды.

Домбыра атауының қайдан шыққаны жөнінде әркім әртүрлі пікірде. Сол пікірлерді сараптай, қорыта отырып, ғалым, домбыра жасау туралы алғашқылардың бірі болып кітап жазған Сағатбек Медеубекұлы, домбыра атауы ежелгі шумерлердің «Пангур» сөзінен шыққанын, Орта Азияны мекен еткен кейінгі тайпалар тілінде де пан-тур (а), пантур (пантур-пантура-бандура-тамдыра-дамбура-домбура) «Кішкене садақ» деген ұғымды беретінін айтады [4, 26 б].

Домбыраны тувалықтар «домбыра», моңғолдар «домбор», буряттар «домбор», домбыра сияқты ішекті аспапты Иракта «танбур», орыста «домра», пәкістандықтар «тамура», ауғанстанда «дамбура», украиндарда «бандура», түркменде «тамура», өзбекте «тамбур», осетиндер «фандыр», шешен халқы «пандур» десе, пішіні домбыраға келетін төрт ішекті аспапты үнділіктер «тамура» деп атайды. Түрік ағайындар «домбыра», кейде «баба үні» деп ардақтайды.

Домбыра пернелерінің ел арасында орныққан дәстүрлі атаулары бар. Жазқазған облысындағы Босаға теміржол станциясының тұрғыны дәулескер күйші-домбырашы Орымбеков Бегімсал / 1911-1985 жж. / ақсақалдың айтуында домбыра пернелерінің дәстүрлі атауы мынадай: 1. Оғыз немесе түркімен перне / соль-диез /, 2. Бас перне / ля /, 3. Қосақ перне / си-бемоль /, 4. Тірек перне / си /, 5. Бірінші қашаған перне / си мен до нотасының ортасында /, 6. Сүйеу перне / до /, 7. Азат перне / до-диез /, 8. Бел перне / ре /, 9. Тас перне / ми-бемоль /, 10. Кезең перне / ми /, 11. Екінші қашаған перне / ми мен фа ноталарының арасы /, 12. Асу перне / фа /, 13. Жетім перне / фа-диез /, 14. Еңіс перне / соль /, 15. Етек перне / соль-диез /, 16. Төс перне / ля /, 17. Алқым перне / си-бемоль /, 18. Үшінші қашаған перне / си-бемоль мен си ноталарының арасы /, 19. Шықшыт перне / си /, 20. Тамақ перне / до /, 21. Сағақ перне / ре /.

Белгілі жазушы, күйші-домбырашы Таласбек Әсемқұлов домбыра пернелерінің ел арасында айтылатын келесі бір үлгісін келтірген: 1. Оғыз перне. 2. Бас перне. 3. Тылсым перне. 4. Еңірелі перне. 5. Бірінші қашаған перне. 6. Жетім перне. 7. Жуас перне. 8. Көсем перне. 9. Мұңлық перне. 10. Даңғыл перне. 11. Екінші қашаған перне. 12. Екінші жетім перне. 13. Емірелі перне. 14. Шешен перне. 15. Үйсіз перне. 16. Шағырмақ перне. 17. Құсар перне. 18. Үшінші қашаған перне. 19. Кетбұғаның пернесі. 20. Шыңырау перне. 21. Табалдырық перне. 22. Тысқары перне. 23. Кәдесіз перне деп аталады.

Қашаған пернені ән айтқанда қалай қолдану керектігін маған атақты дәулескер домбырашы Рүстембек Омаров үйреткен еді. Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» әнін орындаған кезде қашаған перне ерекше әуезді дыбыс шығарады. Домбыра күйлеріндегі қағыстар: «Оң қолдағы белгілер: төмен қағыс, жоғары қағыс – бас бармақпен, жоғары қағыс – сұқ саусақпен, «ілме қағыс» – бір төмен, екі жоғары қағыстың соңғысы сұқ саусақпен іліп қалып ойналады, «қара қағыс» – бір төмен, екі жоғары қағыстың екеуі де бас бармақпен ойналады. Сол қолдағы белгілер: ашық ішек, бірінші (сұқ) саусақ, екінші саусақ, үшінші саусақ, төртінші саусақ (шынашак), бас бармақ.

Нота штильдерінің жоғары қарай жазылғандары – соль ішегінде, төмен қарай жазылғандары ре ішегінде ойналады (қобыз күйлерінде де солай). Нотаның қосарланған штильдері (таяқшалары) бір ішектен екінші ішекке ауысуды көрсетеді» [5, 281-282 бб.].

Алтын Орданың құрамында болған орыс елінің рухани өміріне Алтын Орда үлкен әсерін тигізген. Орыстың кіняз, боярлары ордалықтар тәрзіді киініп, біздіңше ән салған. Орыстар қайта күшейген заманда біздің рухани ықпалымыздан алыстау үшін шіркеу поптары тамбура аспабын ұстауға тыйым салған. Шіркеу ғұламалары тамбура (домбыра) қоңыр үні өздері тықпалаған православ дініне көндірмесін, еркіндікті аңсататынын түсіне білген [6].

Қазақта домбыра тартпайтындардан домбыра тартып, оның үніне қосылып ән айтушылар көп еді. «Қазақты домбырасыз еслестету мүмкін емес», – деп дәулескер күйші қызымыз Айгүл Үлкенбаева айтқандай, бұл – қазақтың ажырамас сыңарына айналған музыкалық аспап. Онсыз той өтпеген, қазір бұрынғыдай болмағанымен шаршағанда, бойын сағыныш билегенде, зеріккенде қай-қай қазақ та домбырасына қол созады. Бұл ата-бабаларымыздан тамыр тартып, қанға сіңген қасиет, бұл күнде академик Қаныш Сәтбаевтың домбыра тартып, ән салғанын екінші бірі біле бермейді. Бір отырыста «Бүркітбай» әнін шырқағанда композитор Ахмет Жұбановтың өзі: «Қанаш аға ән өнерін қуаласа, Мәскеудің үлкен театрының сахнасынан Борис Годуновтың ариясын емін-еркін орындар еді», – депті.

1989 жылы ғалымның туғанына 90 жыл толу тойы қарсаңында жарық көрген «Қаныш аға» атты естеліктер жинағында да Ахмет Жұбанов «Қанышкеңнің әдемі баритонды-бас дауысы мақпалдай жұмсақ, жаныңа біртүрлі жылы тиетіндей әсерлі болатын» деп жазыпты. Ахмет Жұбановтың Қанышқа берген бұл бағасын «Қаныш аға» естеліктер жинағынан оқыған ғалым Шерияздан Елеукуенов: «Мен әнеу бір жылдары София қаласында болгар операсының жұлдызы Николай Гяуровтың және Қырғызстанның ол кезде Фрунзе деп аталатын астанасында қырғыздың жезтаңдайы Болат Мыңжылқиевтің «Борис Годунов» атты операдағы ойынын көріп, таңданғаным бар-тын. Әсіресе, Болаттың даусы қандай еді, шіркін. Даусы жаңағы Ахаңның Қаныш аға даусы туралы жазғанынан аунымайды», – дейді.

А.Затаевич «Қазақтың 500 әні мен күйі» атты кітабында Томск технологиялық институтын бітірген жас қазақ инженері Қаныш Сәтбаевтан 25 ән жазып алғанын айта келе, Қанекенді «Баянауыл әндерінің жақсы орындаушысы» деп сипаттайды. Ш.Елеукуенов Борис Ерзаковичтен Қанекен жаздыртқан әндердің қандай деңгейде екенін айтып беруді сұрағанда: «Қаныш Имантаевич жаздыртқан әндерге 324-тен 348-ге дейінгі нөмірлер қойылыпты, – депті профессор. – Мен сізге айтар едім: сол кезде жиырма жеті жаста халық әндерін жинаған Қаныш Имантаевич қандай білімдар музыкант болған десеңізші. Жаздырған әндерінің сапасы профессионал әншілердікінен еш кем соқпайды. Иірімдері, интонациясы қандай бай, бояулары шұғыладай құбылады.

Қазақтың қара домбырасын қадыр тұтқан Қаныш Сәтбаевтың қыздары да бұл саз аспапты ерекше сүйген. Әкелері жетпіс жасқа толғанда қызы Шәмшиябану Бозтай деген шеберге тапсырыс беріп: «Маған күйшілер тартатын сан пернелі, тырна мойын «Жамбыл домбырасын» емес, тоғыз пернелі, тұрқы қысқалау қарапайым домбыра қажет», – депті.

Қаныш Сәтбаевтың әншілігі жайында әңгіме қозғап, домбыраға ерекше мән берген ғалым Шерияздан Елеукуенов те домбыраны жақсы тартатын, әнді де әдемі орындайтын. Әсіресе, «Баянауыл» әнін айтқанда даусы құбылып, әрленіп кететін. Ән, әнші, күйші жайында сөйлегенде жұрт музыка маманы ма деп қалатын. Оған жоғарыдағы сөз болған «Қаныш аға домбырасы» мақаласында Болат Мыңжылқиевтің үні жайындағы «Зор бітімді денесіне лайық қуатты дауыс оркестрдегі самсаған саз аспаптарды оп-оңай басып өтуі үстіне, тым биязы, қазақ-қырғызда ілуде бір ұшырасатын жұмсақтығы үкінің ұлпа мамығындай ұн тыңдаушысы сені қауырсын құрлы көрмей көтеріп әкетеді де, әлде бір рахат, ләззаттың құшағына көміп жібереді» деген сөздері дәлел [7, 21-32 бб.].

Ахмет Жұбанов ағасын НКВД адамдары «халық жауы» деп ұстап әкеткеннен кейін Әбділдә Тәжібаевқа телефон шалып: «Ертең Құдайбергеннің дүние-мүліктерін базарға шығарып сатады. Домбырасын сен сатып алшы», – дейді.

Әбділдә Мұхтар Әуезовтен қарызға ақша алып, домбыраны үйіне әкеліп, тапсырған шаруаның орындалғанын айтады. Көп ұзамай Ахмет келеді. Ахаңның домбырамен кездескенін көрмей-ақ қояйын деп Әбділдә түпкі бір оңаша бөлмеге кіргізіп, сырттай домбыра үнінің шығуын күтеді. Алайда домбыра дауысы шыға қоймайды. Сабыры әбден таусылған ол есікті жай ғана ашып, ішке кірсе, Ахаң терезенің қарсы алдында домбыраны құшағына қысып алып ағыл-тегіл еңіреп жылап отыр екен.

Аяулы ағасы жазықсыздан жазықсыз жапа шегіп, абақтыға қамалып жатса жыламағанда қайтеді?! «Кең даланы мекен еткен қазақ жұртының ең аяулы да, қасиетті музыкалық аспабы домбыраның» не кінәсі бар?! Ағасының ажырамас серігі еді. Екі бірдей қайғы еңсесін езіп жібергенге ұқсайды. Профессор, қазақ өнерінің, оның ішінде қазақтың дәстүрлі әні мен күйінің жанашыры, зерделеп, зерттеушісі де болған Рахманқұл Бердібайдың да домбыраны жанындай сүйіп, ән салып, күй тартқанын жалпы халық біле бермейді. Филолог ғалым деп қана таниды.

Тұманбай Молдағалиев академик Өмірзақ Айтбаевқа арнаған бір өлеңінде: «Бақыт қой, шіркін, домбыра шертіп ән білген», – деп жастайынан араласқан досының күй де тартатынын өлең жолдары арқылы мақтанышпен жеткізеді.

Шынында да домбыра тарта білудің өзі бақыт қой!

«Ауыр ойлардан домбыра, ән, күй шерту арқылы арыламын.

...Саусағым перне шарлап күйге келіп,

Денені балқытады – билеп ерік.

Әзалда түссе кірбің қабағыма

Шерімді тарқатамын перне теріп.

Білмеймін домбырасыз өткен күнді,

Тілдеспей қос ішекпен кеткен күнді.

Бар тірлік-тынысымның белгісісің,

Домбырам, айналайын, көктем үнді, –

домбырама табынам», – депті академик Өмірзақ Айтбайұлы [8].

Академиктің бұл екі шумағынан біз оның ақын да болғанын енді біліп отырмыз.

Домбыра – қазақтың сазға айналған жүрегі. Екеуі егіз. Мінез-құлқы да, үні де бір-бірінен аумақ қалған. Домбыра да қоңыр, қазақ та қоңыр, тіршілігі де қоңыр-жаймашуақ. Сондықтан да Жүмекен ақынның «Қоянжонға қоңыр ымырт түскенде қоңырайып отырамын үстелге» деген екі жолын эпиграф етіп алып ақын Нұрдос Кәрімов:

Қоңыр қобыз тасытады қанымды,

Қоңыр анау домбыра да сарынды.

Қоңыр әуен жеткен кезде үздігіп,

Қоңыр күй кеп тербетеді жанымды, – дейді [9].

Тәттімбет атындағы республикалық байқаудың бас жүлдегері, астанадағы Қазақ Ұлттық өнер университетінің оқытушысы, күйші Қайрат Айтбайға ауылда тұратын ағасы қоқыс арасынан қолдан ойылып жасалған ескі домбыра тауып алып жібереді. Домбыраның сыртында «1937» және араб әрпімен жазылған «Айтбайдан» деген жазу бар екен. Айтбай – Қайраттың әкесінің аты. Таңқаларлық жайт. Домбыраның үнінің кереметтігі сондай, күйші бұрын шегіне жеткізе тарта алмай жүрген күйлерін осы домбыраның арқасында орындайтын болады. Мұны естіген айтулы бір ақын ағасы жаңа «Тойота-Камри-40» автокөлігіне айырбастауды өтінеді! Бірақ күйші домбыраны машинаға ауыстырмапты.

«Домбыра қолыма тиген кезде «көзім шырадай жанды», – дейді Қ. Айтбай. – Он алты жасымнан бастап, одан бері он тоғыз жылдай уақыт өтті, күнде десем де артық емес, Әбікен Хасеновтің жұмбағын шешемін деп келе жатырмын. Сол жұмбақ осы домбыра қолыма түспесе, сол күйі орындалмай кететіні анық еді. Міне, бұл домбыраның үні бұрынғы қариялардың дауысы сияқты...» [10].

Алтыннан да қымбат дүниені қоқысқа тастау – бабалар мұрасына бүгінгі күнгі көзқарасты аңғартқандай. Домбыраны ұмытқан, қазақы қалпын жоғалтқан қараңғы адам қара

домбыра қадірін қайдан білсін! Қадірін білген адам сол мұрамызды су жаңа «Тойота-Камри-40» автокөлігіне де айырбастамайды. Жан жылытады. Жабыққан, қамыққан көңіліңе бір сәуле түсіреді. Қайрат Айтпай күйін ойнауға ынтық болған Әбікен Хасенов дүниеден өткенде Ахмет Жұбанов «Қазақтың он саусағын жерлеп жатырмыз», – депті.

1937 жылы жалған жаламен он жылға сотталып Сібірге айдалған күйші Қамбар Медетов ауылына хат жазып домбырасын сұратып алдыртыпты. Бұлатай Мұртаза: «Егер домбыра өмірімізден шығып кететін болса, біздің ұлттық мәдениетіміздің негізгі іргетастарының бірі жойылғаны деуге әбден болады», – депті [11]. Іргетасы құлаған үйді көз алдыңызға елестетіп көріңіз...

Кешегі Кеңестің қызыл қырғыны ән-күйлерді де «жазаға» тартып, сал-серілер, дәулескер күйшілер атыла бастады. Мүгілсін заманында келе-келе түйесі мен үйір-үйір жылқысы кең сахараға сыймаған Ахмет болыстың кенже қызы еді. Есімін ел тіке айтуға батпай оны Аққыз деп атап кеткен. Аққыз күйшіні де осы нәубет айналып өтпеді. Бірде ол қап аркалап тезек теруге шығады. Жұрт бұған таң қалады. Биліктің жандайшаптары «Кекірек атқан кешегі замандарың келмеске кетті! Тезек теріп, кедеймен тең болдыңдар! – деп қарқ-қарқ күледі. Аққыздың тезек теруге емес, іштегі бар мұң-зарын күймен сыртқа шығару үшін құла түзге шығып күй тартуға бара жатқанын, қаптың түбінде домбыра барын олар қайдан білсін! Аққыздың ала қанарының ішінде аунаған сондағы асыл мұраларының бірі – «Қайран, елім» күйі екен [12].

Қазақтың қара өлендерінде:

Бір күй бар домбырамның ішегінде,

Танылам домбырамен кісі елінде.

Дарымас домбыраға атқан оғың,

Құлпың да, түк қыла алмас кісенің де, – деген жолдар бар.

Құрманғазы Ақбайдың Әубәкірі деген байдан көп жылдардан бері бермеген әкесінің маңдай тер, табан ақысын сұрағаны үшін жазықты болып, қаныпезер Әубәкір көп адаммен келіп қапылыста Құрманғазыны ұстап, аяғына кісен салып арбаға жаяу тіркеп айдап әкетеді. Сөйтіп ол Орал түрмесіне қамалады. Сол жерде Лавочкин деген орыс жігітімен танысады. Соның көмегімен түрме күзетшілері арқылы бір домбыра алдырады. «Қайран шешем», «Түрмеден қашқан» осы түрмеде туған. Түрмеден қашып шыққаннан кейінгі туған «Лаушкен» күйі досы Лавочкиннің анасы Лавочкинаға арналған. Қазақтың жоғарыдағы «Құлпың да, түк қыла алмас кісенің де» деген жолдардың шындығы осы емес пе?! Домбыраға қосылып ән салып, күй тартқан адам домбырасыз отыра алмайды. Мәдидің де түрмеде домбырасы болған шығар?!

Кешегі Ұлы Отан соғысына домбыраларын алып барған, немесе майданда өздері домбыра жасап алған жауынгерлер аз болмаған. Солардың бірі Гурьевтік Сатқан Серікбосынов. Ол жайында майдандас досы Мұқтар Айтқазин: «... Құрманғазының дауылды күйлерін бірінен соң бірін төкті, дейді. – Сол шамырқанған күйі Махамбеттің:

Атадан туған аруақты ер

Жауды көрге жапырар

Үдей соққан дауылдай, -

дейтін, соған ілесе:

Еріскендей ер болса,

Соғыскандай жер болса,

Бірме-бірге келгенде

Әлі де болса бір тәңірге жылармын!, – дейтін термелерін отты уытпен өршелене айтты.

Сәл іркіліп, тоқтай қалса, домбырасын төсіне басып сәбиін еркелетіп отырған жандай мейірлене өбектейді. Біз оған тандана қарадық. Сатқан домбырасын қайта-қайта сүйіп, орнынан ұшып тұрды да кәрі қарағайдың түбіне барды. Ойланды. Төмен қарап, ұзақ мүлгіді. Ол басын көтеріп, зәулім қарағайдың ұшар басына шалқайып тұрып көз тікті. Сосын қарағайға жарқанатша тырмысып, тез-тез көтерілді де, домбыраны сүйіп, бір бұтаққа ілді. Іле жерге түсті. Қасымызға жетіп келді. Екі көзінен тамған жас омырауын сулапты. Жас бөрідей жұлқынып

жүретін айбынды жігіттің сынғанын қара. Сатқан үнсіз егіліп тұрды да қарағайға қарай қайта жүгірді. Жан сала өрмелеп, домбырасын бетіне басып, тағы сүйді.

Сол сәтте команда берілді. Біз жапыр-жұпыр сапқа тұрдық. Көзінен жасы сорғалаған Сатқан да жүгіріп кеп қатарымызға тұра қалды. Біз қалың қарды омбылап, мәліндей шұбалып, орман ішіне бет түзедік. Сатқан домбыра жаққа жалтақ-жалтақ қарап, бізбен бірге кете барды [13].

Жазушы Кемел Жүністегі түрмеде жүргенде украиндық шебер жігітке домбыра жасаттырып алады. Қазақ, қырғыз, түрікмен, өзбек, татар жастары бұған қуанып, мәз болып қалады. Әрқайсысы өз елінің бір әнін шертіп, шерін төгеді. Түрікмен Ораз: «Біздің дутар тап осындай», – деп балаша қуанса, Қырым татары Шауқат: «Бозала торғай, боз торғай» деп басталатын мұнды әнді көзіне жас ала отырып айтады. Башқұрт жігіті: «Біздің шалдарда осындай музыкалық аспап бар» деп таңданады. Бір күні бұларды тағы бір жаққа аударатын болады. Таңнан айқай-шу. Түрме надзирательдерінен басқа солдаттарды да жауып жіберген. Бет қаратпайды. Бірер киімді алуға да мұрсат жоқ. Кемел бас жағында тұрған домбыраға қол созды. Мұны байқаған кәртөшке мұрын орыс: – Отставить, – деп ақырды. – Қара бұларды... әндетпек... хе! хе! Бұл жерден не өліп, не мүгедек болып шығасындар.

Кемелдің қолы домбыраның ішегіне тиді. Боздаған үн шықты. Әлдебіреу желкесінен түйіп жіберді. Өңі бұзылып кетсе керек, қырымдық Марат ұстай алды. Шауқат «Бозала торғай...» деді мұнды үнмен. Әріптесім Зейнолла жетелей жөнелді. Жалтақтап артына бір қараған Кемел көзі тұманданып «Қош домбыра!» деді [6].

Атақты дәулескер күйші, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының құрметті профессоры, Маңғыстау облысының және Ақтау қаласының құрметті азаматы, «Құрмет» орденді Сержан Шәкрат бір атақты сатирик ақынымызбен тастаяқ ойнапты. Секең бұл ойынға шорқақ екен. Бірақ бір шары қайыптан тайып лузаға түсіп кетеді. Сонда сатирик ақын күліп: «Енді қанша дегенмен таяқ ұстап жүрсің ғой, – депті. Ойланбай айтылған оспадар, оңбаған сөз! Сәкең:

– «Мен кейде өзімді сол айтқандай домбыра емес, таяқ ұстап жүргендей сезінемін. Себебі, домбыраның сәні болмай кетті, – дейді. – Қазір көпшілік шоушыл болып барады. Ал біздің қара домбырадан да керемет шоулар шығатынын ешкім ескермей жүр. Небір керемет күйлер бар. Тарихи күйлер, аңыз күйлер, айтыс күйлер. Соларға келісті сценарийлер, қызықты сюжеттер құрып, шебер күйшілерге ойнатып, әңгімесімен сахнаға шығарсаңыз, шоудың көкесі сонда болар еді. Әлгі айтқан шыжбақай әндер мен қылжақай күлкілерден асып түсетініне мен кепілдік беремін.

Мәселен, «Нар идірген» аңызы. Ботасы өліп, ыңыранып жылаған боз мая. Үйге екі домбырашы – бір шал, бір жігіт келіп, түйені иітуге ниет етеді. Иіткені шал-кемпірдің қызына үйленетін болады. Шал маяны иітеді, бірақ жас қыз оған шыққысы келмейді, жігітті сүйеді. Әрі қарай әңгіменің өрбитіні қызық. Шал күйін тартқанда түйе домбыраның шанағын иіскеlep, ыңырсып, оған еріп кетеді. Ой, шіркін, бұдан артық шоу болар ма? Өте дұрыс, құптарлық пікір. Лекция-концерттер керек! Орындаушы күй тарихын айта отырып күй шертсе, тыңдаушыларға жетімдірек болатыны сөзсіз!

Сержан Шәкрат бірде Маңғыстауға Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы келіп халықпен кездесу үстінде сахнада домбыраны көріп «бере тұршы» деп сұрап алғанын, сосын сүйсініп, домбыраны шалып-шалып жіберіп «Жақсы екен көз көрген» әнін құйқылжытқанын айтып: «Әлі есімде, домбырашы бауырына қысып, мерейлене тартқаны. Менің сол домбырам «Президент ұстаған домбыра» деген қасиетке әлі күнге ие, – дейді. – Тағы бір келгенінде, 2005 жылы, Маңғыстаудың зиялы қауымымен кездесіп отырғанда маған сөз тиіп, аз ғана сөйлегеннен кейін: «Ал енді домбыраң қайда, күй тартпайсың ба?», – деп әзілдеді. Протоколда күй тарту деген қаралмаған, тек домбыраны құрметтеп, мені күйші ретінде танығаны белгілі болды.

Нұрсұлтан Әбішұлы қазақ елін мәңгілікке сілтеп, оның жарқын болашағын, нұрлы жолын меңзеп отыр. Сол жолда Ұлы Даланың үні домбыра да қалыс қалмай, бағы лаулап жанса екен деген ұлы арманымыз бар [14].

Бұл домбыраны жанындай сүйіп, аялаған әр қазақтың арманы. Сержан Шәкрат туралы кезінде «Егемен Қазақстан» газетінде ақын, публицист Темірхан Медетбек «Саңлақ», Светкали Нұржан «Алтын орда» газетінде «Күй Құтпан» атты, Әбіш Кекілбай «Егемен Қазақстан» газетінде «Сермей тартқан семсер күй» деген мақала жазды. Т.Медетбек С.Шәкраттың жеткен жетістіктерін егжей-тегжейлі таратып айтып, очеркін домбыра жайындағы мына өлеңмен түйіндейді:

Ол жыласа –
Көрінеді жан көзге,
Ол жыласа –
Құйылады қан көзге.
Жылап-жылап көмейінен қорғасын
Балқып, еріп бара жатыр бір кезде.
Төзімінді, шыдамыңды қамшылап,
Шыдар болсаң, осыған сен қал шыдап, –
Балқып аққан қорғасын жас шырғар
Жүрегіңе,
Жүрегіңе
Тамшылап... [15].

Ақын, қоғам қайраткері Кәкімбек Салықовтың домбыра тартып, ән салуы да оның ұлттық болмысынан ажырамағанын аңғартады. Кәкімбек ағамыз Үкілі Ыбырайдың «Гәккуінің» төрт түрін тамылжыта орындайтын. Фариза апамыз Құрманғазының дауылды күйлері мен Дәулеткерейдің шер толқытар шертпелерін нәшіне келтіріп тартатын.

Осы сияқты Торғай, Қостанай облыстарының әкімі болған, бұл күнде Қостанай ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебек Үкіұлының да домбыра тартып, оны қатты қадірлейтіні куантады. Күй, күй-аныздары туралы, дәулескер күйшілер жөнінде материалдар жазып тұрады. Кенжекең әкім болып тұрған кезде Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының онбес түлегін Қостанайға шақырып, барлығын баспанамен қамтамасыз етті. Бұл өнерлі жастар Елубай Өмірзақов атындағы облыстық филармонияның жанынан «Ақжелен» атты фольклорлық-этнографиялық ансамбль құрып, талай шет елдерге қазақ өнерін таратты. Күні кеше ғана оқыс оқиғадан қайтыс болған талант, ансамбльдің жетекшісі, соңғы жылдары облыстық филармонияның директоры қызметін атқарып жүрген Назымбек Молдахметов ансамбльді кеңейтіп қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрін ұйымдастырды, ол қазір республикадағы музыкалық белді ұжымға айналды.

4. Қорытынды

«Көркем әдебиет адамзаттың жан дүниесін ізгілендіру үшін жаралған», «Әдебиет адамзат рухының тәрбиешісі», «Тіл қазақтың қазынасы» дейміз. Домбыра үні де адамзаттың жан дүниесін қозғап, ізгілікке бастайды, ішкі рухын көтереді. Онда да ата-бабаларымыздың арманы, сан ғасыр бойғы өкініші, өткен жолы, көрген қайғы-қасіреті, қуанышы, өкініші, өткен өмірі бар.

Бұл жайында талантты сыншы, әдебиеттанушы Бағашар Тұрсынбайұлы «Саусақтағы әуен» атты мақаласында: «Аза бойынды қаза қылатын, ықылым заманның қамырықты сазын, тұла бойынды бірде елжіретіп, енді бірде көңіліміздің сарайын жарық нұрға бөлейтін, өкіндіріп, өксітетін, қуандырып-қайғыртатын, мәнін толық түсініп болғанша дегбірінді алып, ала құйын күйге душар ететін күй құдіреттің сөзден артық дейтін қандай қасиеті бар екен?! Түсінген адамға артық та емес, кем де емес, екеуі де бір жерден шығып, жүрек сазы, жүрек сөзі болып қала береді [16], – дейді. Домбыра үні – қазақтың жанының үні...

Ақын Өтеген Оралбаев «Ана тілі» газетінде жарық көрген «Даланың дауысы домбыра» деген мақаласының соңында «Ұлттық домбыра күнінің ғұмыры ұзақ болуы үшін осы іске мұрындық боларлық азаматтардың назарына мына жайларды да бере кетсек деп едім», – деп он бір ұсыныс айтқан екен. Біздің оған қосарымыз – лекция-концерттер өткізіп, күй орындар алдында оның тарихын айтып түсіндіру, ұлт-аспаптар оркестрлері басшыларының, сондай-ақ

елімізге танымал Сержан Шакрат сияқты қарт домбырашылар мен Секен Тұрысбек т.б. күйшілердің мұң-мұқтажын, ақыл-кеңесін тыңдап, соған орай жұмыс істеу (көмектесу, домбыра сапасын арттыру, қазақтың қоңыр үніне лайық ішек дайындату, күйлерді оркестрге түсіру, оған ақы төлеу, ұлттық музыканы дамыту, күйшілік мектептер мен олардың оркестрде төл сипатымен орындалуы мәселелері, оларға не кедергі, т.б.»).

Әдебиеттер тізімі

- Рахим Е. Таңбалы тас // Жас Алаш, – 2005.
Жәкішева З. Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары / Алматы кітап баспасы. – 2008.
Медеубекұлы С. Домбыра / Алматы: «Өнер», – 1996.
Райымбергенов А., Аманова С. Күй қайнары / Алматы: «Өнер», – 1990.
Жүністегі К. Домбыраның қоңыр үні // Егемен Қазақстан, – 2018.
Елеукунов Ш. Қаныш аға домбырасы // Жұлдыз. – №4, – 1999.
Әлімақын Д. «Ауыр ойлардан домбыра шертіп отырып арыламын» // Қазақ әдебиеті, – 2019.
Нұрғалымұлы Ұ. Олжа // Егемен Қазақстан, – 2017.
Асан М. Ала қап ішінде ойнаған сарын // Егемен Қазақстан, – 2020.
Жақанов І. Қарағайға ілінген домбыра // Егемен Қазақстан, – 2020.
Шәкірат С. Домбыраның сәні кетіп бара ма? // Ана тілі, – 2016.
Медетбек Т. Саңлақ // Егемен Қазақстан, – 2009.
Тұрсынбайұлы Б. Саусақтағы әуен // Егемен Қазақстан, – 2017.

OSPANULY, S., MYRZAGALIEVA, K.M., DOMBRA

В статье рассказывается о происхождении названия этого простого музыкального инструмента, его история, традиционные названия лада в различных странах, ударах на домбре, и о личностях, которые его особенно ценили и любили.

Ключевые слова: домбра, инструмент, казах, нота, казахское искусство, лады, кюй, исполнитель кюев.

OSPANULY, S., MYRZAGALIEVA, K.M., DOMBRA

The article tells about the origin of the name of this simple musical instrument, its history, the traditional names of the keys in various countries, the strikes on the dombra, and the personalities who especially appreciated and loved it.

Key words: dombra, instrument, kazakh, note, kazakh art, frets, kyui, performer kyuev.

ӘЖЖ 37.02

Хамзина, К.Б.,

*педагогика ғылымдарының магистрі,
педагогика және психология
кафедрасының аға оқытушысы
А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ
Қостанай, Қазақстан*

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ІСІНДЕГІ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА

Түйін

Мақалада ұлттық тәрбие ісіндегі тал бесіктен жер бесікке жеткенге дейінгі салт, дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері мен өнегелері қарастырылды. Халық педагогикасы ғылыми педагогиканың ережелері мен заңдылықтарының қалыптасуынан бастау алғандығы айтылады.

Кілт сөздер: этнопедагогика, оқыту, білім, салт, дәстүр, әдет-ғұрып, тәлім-тәрбие.

1. Кіріспе

Этнопедагогика – халықтың тарихи өмір тәжірибелерін жүйелеп тұжырымдаған ұлттық тәлім-тәрбие туралы ғылым. Қазақ халқының ұлттық тәрбие құралы – этнопедагогика пәні ғылым ретінде қалыптасып, пән ретінде мектептерде, жоғары оқу орындарда оқытыла бастады. Ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан, ауыз әдебиетінен, халықтың салт-дәстүрлері мен ұлттық тәрбиелік ойлардан құрылған этнопедагогиканың ғылыми мәні өте үлкен екендігі белгілі.

Этнопедагогика – белгілі бір халықтың өзіне тән ерекшелігі бар дүниетанымдық, тәрбиелік мәні мол мәдени мұрасы болып табылады. Қазақтың халық педагогикасы яғни, ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлері педагогика ғылымының бір қайнар көзі ретінде ғасырлар бойы дүниетанымдық және тәрбие құралы болып қалыптаса отырып, ұлттық мәдени мұраға айналды. Ұлттық мәдениет пен халықтың білімді дамытудағы тәлім-тәрбиелік ойларының жазбаша түрде нұсқа болып қалуы – ұлттық тәлім-тәрбие ісіндегі негізгі бір өзекті арқауы болып табылады. Этнопедагогика пәнінде халықтың оқу, білім, тәлім-тәрбие т.б. мәдени болмысындағы ұлттық ерекшеліктері көрінеді. Ұлттық мәдениет тек ана тілінде, төл әдебиеті мен ұлттық білім негізінде дамып отырады. Мемлекеттік мәртебеге ие болған тілімізде этнопедагогика ғылымын пән ретінде жүргізудің, халықтың санасын ұлттандырудың ерекшелігі мол. Халықтың әлеуметтік-мәдени және рухани құндылықтары, дәстүрлері адамның тұлға болып қалыптасуында, оның адамгершілік және еңбек қасиеттерін қалыптастыруда, тұтас алғанда жеке адамды әлеуметтендіруде әрдайым маңызды рөл атқарған.

Қазақ халқы бала тәрбиесіне үлкен мән беріп, оның ережелері мен қағидаларын жасағандардың бірі болып табылады. Халықтың жасаған тәлім-тәрбиесінің тәсілдері мен ережелері өте көп. Атадан балаға мирас ретінде халықтың ғасырлар бойы жасаған зор еңбектерін жазып қалдыру бүгінгі күн талабы болып саналады. Ұлттық тәрбие ісіндегі тал бесіктен жер бесікке жеткенге дейінгі салт, дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері мен өнегелері баланың өсу жолымен беріліп отыр.

2. Материалдар мен әдістер

Халық педагогикасымен айналысушылар қоғам дамуының алғашқы сатыларында-ақ тәрбиеге өзіндік көзқарас болғандығын, мақсатқа сай тәрбиелеудің жолдары ойлас-тырылғандығын мәлімдейді. Қазақ этнопедагогикасының қайнар-бұлағы біздің заманымызға дейінгі дәуірден бастау алады. Ұлттық мәдениеттің тегі сол ұлттың ұлт болып қалыптаспай тұрған кезінен бастап-ақ жеке ұлыстардың ұрпағын тәрбиелеуден туындағаны белгілі. Балалардың жан-жақты дамуы үшін, әсіресе сұлулық пен сымбаттылыққа қанық болулары үшін оқу-тәрбие үрдісінде халықтық педагогиканы қолдану өте маңызды. Адамдардың эстетикалық сезімдері олардың өмірінде зор роль атқарады. Әсемдікті көре, түсіне, жасай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, оған ең жоғары рухани ләзаттануға мүмкіндік береді. Біз әр адамның адамгершілікті тұлғалық мәнін жан-жақты дамытуға ұмтыламыз, сондықтан әр баланың сезімін нәзіктігін, көркемдікті, әсем нәрсені сүйенетіндей етіп дамытуымыз керек. Адамның әсемдікті және жексұрындықты, сәулеттілік және ождансыздықты, қуаныш пен қайғыны т.б. түсінуіне байланысты, оның саналы тәртібі мен мінез-құлқы айқындалады. Осыдан келіп адамның әсемділікке шынайы көзқарасы мен мұраттары болуы керек екендігі шығады. Оқушылардың жалпы мәдениеті, яғни эстетикалық тәрбиенің маңызды жақтары ізеттілік, ұқыптылық, жылы шырайлылық, қайырымдылық, тазалықты сақтау т.б. Жалпы эстетикалық мәдениет – бұл қатынас эстетикасы, киім-кешек эстетикасы, үй-жағдай эстетикасы, манера, дене қимылы, т.б. А.С. Макаренко еңбектерінде бұл проблемаға зор мән берілген. Жеке адамның сыртқы мәдениеті мен ішкі дүниесінің ұштасып жатуы эстетикалық сұлулықтың белгісі. А.П. Чеховтың сөзімен айтқанда адамда: бет, киім, жан, ой – бәрі сұлу болу керек [1].

Этнопедагогика ұғымын айналымға тұңғыш енгізген чуваш ғалымы Г.Н. Волков. Этнопедагогика – халықтың тәрбиелік тәжірибесін, оның көзқарасын зерттейтін ғылым, сонымен қатар тұрмыстық педагогикасы, ұлт, ру, тайпа педагогикасы туралы ғылым. Зерттеу объек-

тісі халықтың тәлім-тәрбиесі жөніндегі ұғым түсініктері, дәстүрлері, тәжірибесі болып табылатын ғылым саласы ретіндегі этнопедагогика қалыптасу, даму үстінде. Әсіресе соңғы жылдары оның зерттеу пәні, әдістері туралы, халықтық педагогикалық идеяларды бүгінгі тәрбие теориясы мен практикасында жүзеге асыру жолдарының мәселелері туралы зерттеулер едәуір көп. Бұлардың ішінде халықтық педагогиканың пайда болуы мен дамуы, қазіргі жайы жан-жақты сөз етіліп, оның теориялық-әдістемелік мәселелерін анықтауға бағытталған еңбектердің маңызы айтарлықтай [2].

Сонымен қатар, көптеген зерттеуші ғалымдар бұл мәселенің соншалықты маңыздылығына ат-үсті қарайтын секілді. Қазақ ғалымдары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж. Аймауытов халықтық педагогиканың тәжірибесін зерттей білуге ерекше мән берді. Сондықтанда, этнопедагогика, халықтық педагогика мәселелеріне қатысты ой түйіндерді Г.Н. Волков, К.Ж. Кожакметова, Е.Л. Христова, З.Ә. Әбілова, Қ.Б. Жарықбаев, Ә.Табылдыев сияқты ғалым зерттеушілердің осы мәселені жан-жақты зерттеген еңбектерінен кездестіреміз.

Этнопедагогика зерттеуші ғалым А.Ә. Измаилов: «Халық педагогикасы ұрпақтан – ұрпаққа көбінесе ауызша түрде жалғасып келе жатқан, халықтың тарихи және әлеуметтік тәжірибесінің жемісі, оның іс-жүзінде тексерілген білімінің мағлұматтарының жиынтығы. Халық педагогикасының ескерткіштері, халық ертегілерінде, аңыздарында, жырларында, мақал-мәтелдерінде сақталып, ұлттық салт-дәстүрлер арқылы өзінің көрінісін беріп отырады» – деп орынды атап көрсеткен.

Халық педагогикасы ұғымына көптеген зерттеуші ғалымдар өздерінше анықтама береді. Солардың арасынан Г.Н. Волковтың берген анықтамасын ұсынамыз: Халықтық педагогика – тәрбие мәселелері жөніндегі эмпирикалық мағлұматтардың және білімдердің жиынтығы. (1958) Халықтық педагогика – халық ауыз әдебиетіндегі, салттарындағы, ырымдарындағы, балалар ойындары мен ойыншықтарындағы сақталған педагогикалық мағлұматтарымен тәрбиелеу тәжірибесінің жиынтығы (1974).

Халықтық тәрбие тарихи даму үрдісіндегі тірі дене болып табылады. Халықтық педагогиканың әлеуметтік бағыттылығы, әсіресе көне жазба ескерткіштерде мақалдар мен мәтелдер, ертегілер мен жырлар, бата, тілек секілді тәрбие құралдарында толығырақ бейнеленген. Қазақ этнопедагогикасының қайнар-бұлағы біздің заманымызға дейінгі дәуірден бастау алады. Ұлттық мәдениеттің тегі сол ұлттың ұлт болып қалыптаспай тұрған кезінен бастап-ақ жеке ұлыстардың ұрпағын тәрбиелеуден туындағаны белгілі.

Қазақтың жазу мәдениеті арқылы белгілі болған ұлттық педагогикалық ойлардың тарихы ертедегі тас жазулардан (Күлтегін, Білге қаған т.б.) басталады. Одан кейінгі қолжазба, баспа арқылы бізге жетіп, оқу-жазу үрдісімен этнопедагогиканың арқауы болған тәлімдік ойлар тарихы өзектестігімен ұлттық педагогиканың (этнопедагогиканың) дамып ғылым болып қалыптасқандығының айғағы.

3. Нәтижелер мен талқылау

Қазақтың жазу мәдениетінде Қорқыт атаның тәрбиелік мәні зор жырлары мен мақал-мәтелдері, Әл Фарабидің ұлттық мәдениет пен ғылым, білім, поэзия, музыка жөніндегі тұжырымдары, Ахмет Яссауидың діни тәрбиенің мәні туралы ойлары, Жүсіп Баласағұнидің кемелді болу жолдарын көрсетуі, Мұхаммед Хайдар Дулатидың ұлы тәлімгерлік ойлары, Абайдың өсиеттері, Ыбырайдың педагогикалық ойлары, Шоқанның ел мәдениетін арттыру үшін істеген әрекеттері, Ахмет Байтұрсыновтың ұлттық білім беру жүйесі, Мағжан Жұмабаевтың қазақ педагогикасын түзеуі, Жүсіпбек Аймауытовтың қазақ психологиясы ғылымын зерлей бастауы, кейінгі ғалымдардың қазақ этнопедагогикасын ғылым ретінде қалыптастырып, пән ретінде оқытуға ұсынуы ұлттық педагогиканың (халық педагогикасымен педагогикалық ойлардың), сонымен бірге қазақ этнопедагогикасының дамып, қалыптасқандығын көрсетеді.

Қазақ халқының өте әрідегі ата-бабаларының өмір сүрген кезінен (Түрік қағанаты) бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраның бірі – халықтық педагогика. «Халықтық педагогика, – делінген Қазақ кеңес энциклопедиясында, – тәрбие жөніндегі халықтың педагогикалық білім тәжірибесі. Халық педагогикасын зерттеу негізіне

педагогикалық мазмұн мен бағыттағы халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халықтық ойындар, жанұя тәрбиесінің тәжірибелері т.б. жатады. Халық педагогикасының негізгі түйіні еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді ұрпақтан ұрпаққа қалдыру». Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбиенің белгілі жүйесінде жас буын жадына біртіндеп сіңіріп отыратын арнаулы жолдар, тиісті тәсілдер де болған. Мақал-мәтелдерде адамгершілік, имандылық тәрбиесіне байланысты әдеп-ғұрыптар насихатталса, жұмбақтар мен айтыстарда – ақыл-ой тәрбиесі, өлең, жыр-дастандарда – әсемдік (эстетикалық) тәрбиесінің негізгі принциптері, ал ертегілер халықтық тәрбиенің сан алуан мәселелерін қозғайтын тәлімдік материал ретінде пайдаланылған. Демек, халықтық педагогика – тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің ілкі бастауы, халықтың рухани мұрасы. Бұл жердегі еске алатын негізгі жайт: осындай халықтық мұралардың бәрі бірдей кәдеге жарай бермейді, олардың озығы мен қатар тозығы да бар. Ең негізгі мәселе – бұларды бүгінгі күннің талап тілегімен байланыстыра пайдалана білу болмақ. Егеменді еліміздің пердесі ашылмай, шіркеуленіп келген ұлттық тәрбиесі жиырмамыншы ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап, еркін қолға алынды да, көптеген оқыту бағдарламалары мен оқу құралдары пайда болды. Ғалым К.Оразбекова «Иман және инабат» (1993) деген кітабында имандылық-ұлттық тәрбиенің негізі деп көрсетіп, қазақ этнопедагогикасының бір қайнар көзін ашты. М.Оразаев, М.Смайлова сияқты педагогтар «Қазақ халқының салт-дәстүлері» деген кітап жазып, қазақ этнопедагогикасының салт-дәстүрге байланысты саласын айқындады. Профессорлар Қ.Жарықбаев пен Ә.Табылдиев «Әдеп және жантану» (1994) оқулығын жазып, қазақ этнопсихологиясы мен этнопедагогикасы ғылымының негіздерін айқындады. Ғалым С.Ғаппасов «Ізгілік әліппесі» (1995) «Халық педагогикасының негіздері» (1996) деген еңбектерінде қазақ этнопедагогикасының ғылыми-медициналық және танымдық ерекшеліктерін дәлелдеді. Ә.Табылдиев «Қазақтың халық педагогикасы және тәрбие» атты еңбегі арқылы қазақтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерінің тәрбиелік мәнін ашып берді. Профессор С.Қалиев «Қазақ этнопедагогикасының негіздері және тарихы» (1998) деген оқу құралы арқылы қазақ этнопедагогикасының қайнар-бастауы біздің заманаымыздан бұрын белгілі бола бастағандығын дәлелдеп, бұл ғылымның теориялық негіздерін айқындап берді. Зерттеушілер Ұ.Асыллов пен Ж.Нұсқабаев «Әдеп» атты оқулығында (1999) қазақтың салт-дәстүрлеріндегі тәлім-тәрбиелік мақсаттарды жеткізе дәлелдеді.

Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс термелерде, мақал-мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні – адамгершілік-имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі.

Этнопедагогика ғылымы екі саладан тұрады: халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерінен құралған ауыз әдебиеті және ұлттық тәлім-тәрбиенің жазу мәдениетіндегі көрінісі. Халықтың игі әдеттері дағдылана келе әдет-ғұрыпқа, әсерлі әдет-ғұрыптар салт-дәстүрлерге айналып, халықтың өмірінде қалыптасқан салт-дәстүрлер салт-сана болып қалыптасқан. Халықтың салт-дәстүрлері рәсімдер мен жөн жоралғылар, рәміздер, ырымдар мен тыйымдар, түрлі сенімдер арқылы өмірде қолданыс тауып келеді. Оның бәрі толысып, дамып, жаңарып отырады [3].

Салт-дәстүр дегеніміз – халықтардың кәсібіне, сенім-нанымына, тіршілігіне байланысты қалыптасқан ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын қоғамдық құбылыс [4]. Халықтың мәдени дәстүрлері: ізеттілік, қайырымдылық, мейірімділік, қонақжайлылық, имандылық, иман-жүзділік – барлық мәдени үлгі өнегелі іс-әрекеттердің көрінісі әдеп деп аталады. Қазақ халқының осы игі дәстүрлерін айқындап, дәлелдей келе, халықты рухани тазалығы жағынан алып, қазақ халқын әдепті, яғни қайырымды, мейірімді халық деп атауға әбден болады.

Әрбір халық оқыту мен тәрбиелеу тәсілдері мен амалдарын, қарапайым педагогикалық амалдарды қалыптастырды. Ұлы педагог К.Д. Ушинский: «Алғашқы тәрбиеші – халық» деп бекер айтпаған. Халықтық педагогика өскелең ұрпақтың бойында рухани және физикалық қасиеттерді қалыптастырудың саналы және мақсатқа бағытталған іс-әрекеті тұрғысынан

пайда болды. Дін, өнер, ғылымның пайда болуынан тәрбиенің мазмұны да күрделенді. Қоршаған әлем туралы білім жүйесі тәрбие мазмұнына ықпал етті. Әрбір ұрпақ бұған өзіндік үлесін қосты. Ұлт мәдениетін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан терең зерттеп, тұңғыш рет құнды еңбек жазған атақты тарихшы ғалым Лев Гумилев өзінің «Халықтар қалай пайда болады және жоғалады?» деген атақты еңбегінде дүние жүзіндегі халықтардың пайда болу, өсу, өркендеуін және олардың біртіндеп өшіп, жоғалу заңдылықтарын диалектикалық тұрғыда, тарих, география және биология ғылымдары негізіне сүйене отырып, этнос туралы ғылыми дәйекті анықтама береді: «Этнос дегеніміз – жер бетіндегі белгілі бір тіршілік аймағы мен әлеуметтік ортаның бірлігінде жатқан салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылық кәсібі, мінез-құлқы, тілі мен мәдени мұрасы бір халықтар тобы». Өткен ғасырдың 60-жылдары көрнекті кеңес ғалымы Г.Н. Волков педагогикалық әдебиеттерде тұңғыш рет «этнопедагогика» деген ұғымды енгізді. Ғалым бұл ұғымға қатысты төмендегідей пікір білдірді: «Этнопедагогика – халықтың жас ұрпақты тәрбиелеу тәжірибесі туралы, олардың педагогикалық көзқарастары туралы ғылым».

Халық педагогикасы – халықтың ауыз әдебиетінде, салт-дәстүрлерінде, ырымдарында, балалар ойындары мен ойыншықтарында кездесетін педагогикалық мағлұматтар мен тәрбиелеу тәжірибесінің жиынтығы. Эностық педагогика тарихи жағдайда қалыптасқан ұлттық мінездегі ерекшеліктерді зерттейді. Онда халыққа қажетті қасиеттерді қалыптастыру үшін пайдаланылатын педагогикалық мақсаттың, міндеттердің, әдіс-құралдардың, тәсілдердің жиынтығы мен өзара байланысы қарастырылады». Мұнан әрі ол этнопедагогиканың зерттеу тақырыбы – тәрбие, ал тәрбие нысаны – адам, тұлға», – деп атап көрсетеді. Әр жылдары халық педагогикасын ғылыми-педагогикалық тұрғыда зерттеудің қажеттілігі туралы пікірлерді профессорлар В.Ф. Афанасьев, В.Х. Артюнян, А.Ш. Гашимов, И.Я. Ханбиков, А.Ф. Хинтибизде, А.Э. Измайлов, т.б. ғалымдар айтқан. Этнопедагогикалық зерттеулердің кеңестік дәуірдегі маңызы мен мәні, қажеттілігі мен көкейкестілігі жөнінде және оны ғылыми педагогиканың құрамдас бөлігі деп қараудың керектігі туралы педагог-ғалымдар: И.Т. Огородников, В.М. Коротов, А.Г. Гординалар да келелі пікірлер айтқан. Осы ойларды қорыта келе, этнопедагогика – этникалық топтардың балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі эмпирикалық тәжірибесі мен отбасының, рудың, тайпаның, халықтық адамгершілік-этикалық және эстетикалық көзқарастары туралы ғылым», – деп түйіндеуге болдады.

Халықтық педагогиканың мақсаты – халықтық салт-дәстүрді, өнерді дәріптейтін, ана тілі мен дінін қадірлейтін, Отанын, елін, жерін сүйетін, жан-жақты жетілген, саналы намысқор, патриот азамат тәрбиелеу. Бұл пәннің міндеті халықтық тәрбие түрлерін оқушы жастардың бойына сіңіріп, білім, білік дағдыларын дамыту, сөйтіп, дене еңбегіне де, ой еңбегіне де қабілетті, нарық жағдайында өмір сүруге икемді, жан-жақты жетілген азамат етіп шығару. Ол жан тәрбиесі мен тән тәрбиесін қатар жүргізе отырып, оқушы жастардың қайрат жігерін, ақыл-ойын халықтың өнер туындылары негізінде оқытып тәрбиелеу арқылы іске асырылады. Этнопедагогика халықтық педагогиканы түсіндіреді. Ол – халықтық тәрбиенің тарихы мен теориясы туралы ғылым. Халықтың педагогикалық даналығы халықтық тәрбие құралдарын толық пайдаланған жағдайда дәл осылар педагогика ғылымын байытуға; халыққа білім беруді жаңартуды жүзеге асыруға; отбасы, балабақша, кәсіби оқу орындары тәрбие проблемаларын шешудегі одағын нығайтуға елеулі үлес қосатын бастау болып табылатындығын ескеру керек. Этнопедагогикадағы бала денсаулығы мен денесінің жетілуі жөніндегі қамқорлық, ақыл-ой мен еңбекке дайындық, саналы адамгершілік-эстетикалық тұрғыда бағыттау, мінез-құлықты реттеу, өзін-өзі тәрбиелеу мен қайта тәрбиелеу, яғни тұлға қалыптастырудың бүкіл жетекші бағыттарын қамтитын аса бай фактілермен танысу болашақ мамандардың оқытылатын материалға қызығушылығын арттырады.

Этнопедагогикада кең теориялық қорытындылауды талап ететін, проблемалармен қатар фактілік материалдар жинақтау, тереңдеп зерттеу мен талдауды қажет ететін жекелеген мәселелер де аз емес. Оның алдында шешілуі ең алдымен педагогика мен этнографияға мәнді жәрдемін тигізетін ақыл-ой тәрбиесінің құралы ретінде; зекті міндеттер тұр. Бұларды

төмендегідей тақырыптармен белгілеуге болады: отбасы педагогикасы, әлемдік халықтардың мақал-мәтелдері және олардың жас ұрпаққа адамгершілік тәжірибесі берілісін қамтамасыз етудегі рөлі; жұмбақтар ақыл-ой тәрбиесінің құралы ретінде; халық ертегілері халықтың педагогикалық кемеңгерліктің жарқын талпыныстары ретінде; халық әндері және олардың балалар мен жастарға эстетикалық тәрбие берудегі рөлі; балалар мен жастар ортасы, оның педагогикалық қызметтері; дүние жүзі халықтарының бесік жырлары ана поэзиясының, ана мектебінің және педагогиканың көрнекті жетістіктері ретінде, балалар ойындары мен шығармашылығы.

4. Қорытынды

Сонымен, этнопедагогика ғылымының алдында үлкен өзекті міндеттер тұр. Халық даналығы қамқорлығының түйірлерін жинау, халықтың тәрбиенің негізгі категориялары мен заңдылықтарын анықтау, оларды басқаратын әлеуметтік-экономикалық факторларды белгілеу, халықтық педагогикалық дәстүрлердің өмір сүргіштігінің себептерін айқындау және олардың қоғамының қазіргі рухани өміріне енуі жүйесін белгілеу этнопедагогикалық зерттеулердің аса маңызды міндеттері болып отыр.

Енді халықтық педагогиканың ғылыми педагогикамен байланысы қандай дегенге келейік.

1. Халық педагогикасында тәрбие ісін баланың жас ерекшелігін ескере отырып жүргізуді талап еткен. Мәселен, «Ұлыңа бес жасқа дейін патшадай қара, он бес жасқа дейін қосшыңдай сана, он бес жастан асқан соң ақылшы досыңдай бағала» деген мәтел баланы еркін тәрбиелеудің, көмекшім деп үмітпен қараудың, ақылшым деп тең санаудың қажеттігін меңзейді. Ал бұл ғылыми педагогиканың ынтымақтастық принципімен қабысып жатыр.

2. Халық педагогикасында тәрбие ісін әр баланың жеке бас ерекшеліктерін ескере отырып жүргізуді де ескертеді. «Баланы туады екенсің, мінезді тумайды екенсің», «Бір биеден ала да туады, құла да туады», «Балаңа үміт арту – әкенің парызы, ақтау – баланың қарызы» деп ой түйіндеген.

3. Халық педагогикасы баланың тәрбиесі туған, өскен ортасына, ата-ананың, отбасы үлкендерінің, ұстаз үлгісіне байланысты деп қараған. Өскен ортаның тәрбиедегі әсері жөнінде А.С. Макаренко, Н.К. Крупская, А.В. Сухомлинский, А.Құнанбаев, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев сынды ұлағатты ұстаздардың ой-пікірлері де халық педагогикасын қағидаларымен үндесіп жатыр.

4. Халық педагогикасының тағы бір принципі балаға үлкен талап қоя білуге, оның жеке басын қадірлеуге негізделген. Баланың жіберген қателіктерін үлкендер дер кезінде бақылап, дұрыс жолға салуды мақұлдаған. «Ата – балаға сыншы», «Баланың балалығында әкенің даналығы бар», «Ақырып айтқаннан ақылмен айтқан артық» деген мәтелдер осы ойды құптаудан туған. Яғни, тәрбиешінің жылы жүректі болуын, тапқырлық тәсілмен тәрбиелеуін орынды санаған.

5. Шәкіртті тәрбиелеу, оқыту барысында ақыл-ойын дамыту бүгінгі педагогиканың ең көкейкесті мәселелерінің бірі. Дамыта оқытып тәрбиелеу ісі асқақ арманмен байланысты. Осыны құптаған ата-бабамыз «Армансыз ұлан-қанатсыз қыран», «Арманы жоқтың пәрмені жоқ» деп, келешекті қиялдай білетін азамат тәрбиелеуді мақсат етіп, жас жеткіншекті арманға, ой дербестігіне тәрбиелеуді мақсат еткен.

6. Халық педагогикасының негізгі принциптерінің бірі – тәрбиенің біртұтастығы. Халқымыз жас ұрпақты өмірге дайындап, «сегіз қырлы, бір сырлы», жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеу үшін бар мүмкіндікті сарқа пайдаланған. Кез-келген тәрбие құрамына талдау жасасақ, тәрбиенің түрлері іштей сабақтасып жатады. Оны бесік жырынан, бата-тілектер мен терме-толғаулардан байқауға болады. Тәрбие ісін кешенді жүргізуді ғылыми- педагогикалық еңбектер де қуаттайды.

7. Халық педагогикасы отбасы үлкендерінен бастап, ауыл ақсақалдары, өнер иелері түгел қатынасатын ұжымдық тәрбие ісіне негізделген. Халықтық педагогикада «Көп қорқытады, терең батырады», «Көпке қарсылық – құдайға қарсылық», «Көп талқысы – тез» деп

ұжымдық тәрбиені құптаған. Ал ұжымдық тәрбиеге ғылыми педагогика да ерекше мән берген.

Этнопедагогика – (гр. *Ethnos* – халық, *pedagogike* – бала тәрбиесі туралы ғылым) педагогика ғылымының саласы. Оның қарастыратындары: нақты халық (ұлттық педагогика) үшін дәстүрлі тәрбие және оқыту түрлері, әдісі, міндеті, тапсырма және мақсаттарын зерттеу; әр түрлі халықтарға тән тәрбиемен оқудың салыстырмалы спецификасының зерттеуі; сол немерсе басқа этникалық қоғамның өкілдерін оқытумен тәрбиелеудегі ұлттық психологияның әсерінің анализі; оқыту әсерімен педагогикалықтың жүзеге асырылуы және ұйымдастырылуы дағы бұл процестің заңдылықтарының есебі [5].

Қорытындылай келе, халық педагогикасы ғылыми педагогиканың ережелері мен заңдылықтарының қалыптасуына бастау алған.

Әдебиеттер тізімі

Қоянбаев Ж.К. Педагогика / Алматы, – 2001.

Әбілова З.Ә. Этнопедагогика / Алматы, – 1997.

Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы / Алматы, – 2000.

Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі / Алматы, – 1995

Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / Павлодар: ЭКО ҒӨФ. – 2006. – 482 б

ХАМЗИНА, К.Б.,

НАРОДНАЯ ПЕДАГОГИКА В НАЦИОНАЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ

В статье рассматриваются образцы обычаев, традиций, обычаев и нравов в национальной воспитательной деятельности от рождения до конца жизни. Отмечается, что народная педагогика берет свое начало с формирования положений и закономерностей научной педагогики.

Ключевые слова: этнопедагогика, обучение, образование, обычаи, традиции, воспитание.

КНАМЗИНА, К.В.,

FOLK PEDAGOGY IN NATIONAL EDUCATION

The article examines the samples of traditions, customs and mores in the national educational activity from birth to the end of life. It is noted that folk pedagogy originates from the formation of the provisions and laws of scientific pedagogy

Key words: ethnopedagogy, training, education, customs, traditions, upbringing.

ӘОЖ 82.0 (574)

Оспанұлы, С.,

филология ғылымдарының

кандидаты, профессор

Мырзағалиева, К.,

филология ғылымдарының кандидаты,

Тіл және әдебиет теориясы кафедрасының

Қауымдастырылған профессоры

А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ,

Қостанай, Қазақстан

ШОҚАН ЖӘНЕ САЛ-СЕРІЛЕР МЕН КҮЙШІЛЕР

Түйін

«Шоқанның таланты телегей-теңіз, оның ғалымдық өрістері ұлан-байтақ биіктерге серпіліп жатады» [1,6 б.], – деп Ғабит Мүсірепов айтқандай, Ш.Уәлиханов жан-жақты, талант иесі. Ол – әдебиетші, әдебиеттанушы, тарихшы, географ, суретші, музыка-танушы, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, шығыстанушы, өнертанушы.

Ғалым қазақтың аңыз-әңгімелерінде Абылайдың айырықша қасиеті бар киелі керемет құдірет иесі болып саналғанын, Абылай дәуірі қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры екендігін, оның жорықтарға және батырлардың көзсіз ерлігі мен қаһармандығы жыр-дастандардың арқауына айналғанын баяндай келіп, домбыра мен қобызда орындалатын күйлер Абылай заманында дүниеге көбірек келгенін айтады. «Көбі сол кезеңді сипаттайды, – деп жазады ол. – Халық күйі «Шаңды жорық» жасудан беті қайтып көрмеген жүрек жұтқан батыр Баян опат болған шабуыл кезінде шығарылған. Ал «Қоржын қақпай» Еділ қалмақтарына қарсы қысқы күн бойы ашығып, олжаға қолы әрең жетеді. Бұл күйлердің бәрі күні осы уақытқа дейін Абылай ұрпақтарына сонау бір даңқты кезеңдерді елестетеді» [2,111 б.].

Хан Абылайдың дәулескер күйші, «Сары бура», «Жетім торы», «Дүние қалды», «Майда жал», «Қара жорға» сияқты күйлері болғаны белгілі. Шоқан қазасын әкесі Шыңғысқа атақты күйшілер Қанқожа мен Тулақтың күймен жеткізуі де бұл әулеттің музыка тілін жақсы түсініп, бағалай білгенін аңғартады. Мақалада Шоқанның отбасы,туған-туыстары өнерге құштар екендігі,сал-серілермен, күйшілермен аралас-құраластығы айтылып, оны тереңірек зерттей түсу үшін қандай еңбектерді оқу керектігі де көрсетіледі.

Кілт сөздер: ауыз әдебиеті, Манас, күй, домбыра, қобыз, күйші, қобызшы, ақын, сал-серілер.

1. Кіріспе

Шоқанның туып-өскен ортасы, айналасы, әнші, күйші, домбырашылар мен сал-серілерге толы болатын. Арғы атасы Абылай дәулескер күйші, өз әкесі Шыңғыс Уәлиханұлы қазақ ауыз әдебиетін жинаушыларға жағдай жасап, көмек қолын созған адам. Жақын туыс ағасы Ханқожа шебер сыбызғышы, қобызшы еді. Оның сыбызғыда тартқан «Балбырауын сазы, «Тарғыл бұқа» күйлерін әкесі де, Шоқанның өзі де құмартып тыңдаған. «Сол кездегі атақты суырып салма ақындар – Шөже, Тоқжан, Арыстанбай, әйел ақын Ажар, Шал ақынның әулеті Соқыр жырау, атақты сыбызғышы Құрымбай тағы басқалары Шыңғыс Уәлиевтің аулына жиі-жиі баратын болған» [3, 42 б.].

Хан Абылайдың дәулескер күйші, «Сары бура», «Жетім торы», «Дүние қалды», «Майда жол», «Қара жорға» сияқты күйлері болған. Сол сияқты Сырымбетке жақын Теренкөл маңын мекендеген айтулы қобызшы Төлекұлы Төлепберген күйлерін де Шоқан ұйып тыңдаған. Төлепберген қыл қобызда ғана емес, сыбызғыны да жақсы ойнаған. Әкелі-балалы қос өнерпаз Теренкөлдің жағасында отырып қобыз, сыбызғымен күй тартқанда, оның даусы Сырымбет тауына дейін естіледі екен .

Шоқан Омбыдағы кадет корпусында оқып жүрген кезінің өзінде ауыз әдебиеті үлгілерін жинай бастағаны, 1860 жылы Шөже Қаржаубайұлының(1805-1895) аузынан халық эпосы «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» ең бір таңдаулы нұсқасын, Нарымбай жыршыдан «Орақ батыр», Арыстанбай жыраудан «Ер Көкше – Ер Қосай» жырларын, қырғыз жыршыларынан «Манас» жырының нұсқаларын жазып алғаны да белгілі. Шоқан мен Радловтан бұрын «Манас» жыры Еуропа әдебиетінде мүлде белгісіз болатын. Осыдан-ақ ауыз әдебиетін жинаудағы Шоқан қызметінің шоқтығы биік екенін аңғару қиын емес.

Шоқан күйші Тәттімбет Қазанғапұлымен (1815-1860), Ақмолла (1831-1895), Біржан сал Қожағұлұлымен (1834-1897) және Жаяу Мұса Байжанұлымен (1838-1929), Ақан сері Қорамсаұлымен(1843-1913) де аралас-құралас болған. Алайда олармен қандай қарым-қатынаста болды, ол жағы Шоқан шығармаларында, зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде айтыла бермейді. Кей-кейде ғана сөз арасында аты-жөндері, таныс болғандары ғана көрсетіледі.

Тәттімбет Қазанғапұлы Қарағанды облысының Егіндібұлақ ауданына қарасты Дастар тауы етегінде дүниеге келген. Азан шақырып қойған шын аты – Тәттімұхамбет. Жеңелері «Тәтті қайным»,«Тәттімбет» деп жүріп, ақырында Тәттімбет аталып кетеді.

«Манас» жырымен де Шоқан кадет корпусында оқып жүрген кезінде танысады. Оған себеп, кадет корпусының оқытушысы Н.Ф. Костелецкий 1840 жылдардан қазақ пен қырғыз халқының ауыз әдебиетінің кейбір үлгілерін оқушыларына лекциясында айтады. Ал оның өзі ауыз әдебиетін жинамаған, жинауға уақыты да болмаған. Ол бұл екі халықтың ауыз әдебиеті үлгілерін тілмаштар мен офицерлер, оқушы шәкірттері арқылы іздестіріп, алдырады. Ол жайында Әлкей Марғұлан «Шоқан және «Манас» деген еңбегінде Омбы мектептерінде оқыған қазақ шәкірттерінен қазақ әдебиеті үлгілерін көбірек жинап бергендер – Шоқан Уәлиханов, Халиолла Өскенбаев, Мұстафа Бүркітбаев, Садуақас Анаев екенін айтып, алайда олардың жиғандарын Н.Ф. Костелецкий тек лекцияларында қолданғаны болмаса, ғылыми тәртіпке түсіріп, бастыруды ойламағанын айтады [4,105 б.].

Күйші Арқадағы Нұрбике-Шаншар болысының билеушісі, биі де болған. (1842-1854). Кешегі кеңес заманында болыс, би, аға сұлтандарды тек жаман жағынан көрсетіп, қара күйе жағу қалыптасқан еді. Ал олардың арасында ел қамын ойлап, ел тұрмысын жақсартуды мақсат еткендері аз емес. Солардың бірі – Тәттімбет. Ол күйімен де, ісімен де, басқа өнерлерімен де дараланып, өзіндік қолтаңбасын қалдырып, өз алдына бір мектеп қалыптастырған айтулы тұлға.

2. Материалдар мен әдістер

Ауыл балаларын Омбыда оқыту жайын ойластырып, оны алғаш қолға алғандардың бірі де Тәттімбет. Шоқанмен кездесер алдында ол тағы да ауылды аралап, өз болысынан қалада орыс мектебіне жіберілетін балалардың санын толтырып, тізімін жазып жүрген еді. Сол шаруасын бітіріп, тізімді жеткізу үшін Қарқаралыға бармақ болатын. Бекет жолы жақтан күйме көрінеді. «Бұл кімдер болды екен, – деп ойлап, оларға көз тіккен Тәттімбет орнына тұрған кезде қарсы алушылар «Баянауылдан құдалар келді» десті.

Қарсы алушылардың «Құдалар келді» дейтін себебі – Тәттімбеттің бірінші әйелі Ақбөпеден туған ұлы Мұсатай Мұсаның Шәмшия (Шәмшия-Бану) атты қызына үйленген Мұсатайдың баласы Шайқы (1885-1972) кейін домбырашы болған.

«Күймеден үш адам түсті. Орыс ұлықтарына киінген Баянауылдың аға сұлтанын бірден таныды. Қасында қарапайым, егде қазақ, әскери киімді жас жігіт бар, көшірмен төртеу. Тәттімбет оларға қарсы жүрді. Мұса өзінен төрт-бес жас кіші еді. Ол да, қасындағы серіктері де жамырай сәлем берісіп, кезегімен қол алысты» [5,130-131 б.б.].

Әскери киімді жас жігіт Шыңғыстың Омбыда оқып жүрген Шоқан деген үлкен ұлы болып шығады. Екеуі алғаш осылай танысады. Шоқан Тәттімбетті сыртынан жақсы біліп, кездесуді ойлап жүреді екен. Ауылға Шоқан мен Мұсаның келуі кішігірім тойға ұласып, Тәттімбет ауылдарға хабар жібереді. Өнерлі жастар жиналады. Ойын-сауықты Бегеш деген жігіт басқарып, ән шырқалып, күй төгіледі. Шоқан естіген-білгендерін қойын дәптеріне жаза бастайды...

Тәттімбет Шоқанға қайта-қайта сынай қарап, оның түбітиек бозбаладан гөрі егде кісі сияқты ойлы қалпын, төрелер секілді тәкаппарлық мінезінің жоқтығын, жатақтармен жиі әңгімелесіп, хал-жағдайларын сұрағанын көріп, іштей сүйсінеді. Болыс болып сайланғалы күйші той-томалақтарға барып, сауық-сайран құруды сиреткен еді. Алайда Шоқан мен Мұса келгеннен кейін думаннан ауыл иесі де шет қала алмайды. Жылқыдан Бозжорғаны алдырып, қолына домбыра ұстатып Мұсатайды мінгізеді. Шоқан мен Мұсаға бұрылып: Қазір мен «Бозайғыр» дейтін күйімді тартамын. Оның ырғағына Бозжорға билейді, – деп, Тәттімбет күйін шерте жөнеледі.

Бұл күй шындығында бұл Бозжорғаға емес, басқа Бозайғырға арналған болатын. Бір жылы әкесі Қазанғап той жасайды. Оған маңайдағы адамдардың бәрі дерлік жиналып, ұлттық ойындар ойналады. Той соңында көкпар тартылады. Дала дабыр-дүбірге толған кезде талай жарысқа, көкпар тартуға қатынасқан Бозайғыр шыдамай, тыпыршып, байлаған арқанды жұлқа тартып, аспанға шапшиды. Бірақ босана алмайды. Өйткені ол аяғын ұраға тығып алып, мертліккен. Ауылдағы емшілердің бірі сынған аяғын орнына қойып, терімен орап-матап, байлап тастаған. Соған қарамай, оның дүбірге қызып, арқанды жұла тартып, шырқө-

белек айналуы Тәттімбетті таң қалдырып, ой салған. «Бозайғыр» күйінің шығу тарихы осындай еді...

Тәттімбет сол күйді тартып отыр. Бозжорға күй ырғағына сәйкес қозғалып, бірде аяқтарын сәнмен басса, бірде еркіндей елеріп, біресе оңға, біресе солға бұрылады. «Бейне баяғы Бозайғырдың қапаланып қазықты айналғаны, қасынан дүбірлетіп өтіп бара жатқан көп жылқыға «Ей, тоқтай тұрындаршы!», – деп арқырағаны секілді. Күйшінің өнеріне қонақтар да, ауылдастар да сүйсініп тұр» [3, 133 б.].

Одан әрі автор Шоқанның қос ішектен шыққан қоңыр әуеннің сиқырлы үні неше түрлі керемет тудыратынын, күй құдіреті ботасы өліп, желіні тандыр болып қалған аруананы да идіргенін жақсы білетінін, Шыңғыстың қобызды, домбыраны, сыбызғыны бірдей тартқанын, Ханқожаның да өнерлі болғанын баян етеді.

Тәттімбет қонақтармен бірге жолға шығып, оларға жер, ел, көл тарихын айтады. Шоқанға керегі де осы. Шайтанкөлді көрген кезде Мұса: «Нағыз пейіш пен жұмақ осы ғой, көрген сайын көре бергің келеді. Өзін Шайтанкөл демей Алтынкөл деп атаса қандай жарасар еді», – дейді.

Ежелгі аты Әуликөл ғой, – дейді Тәттімбет.

«Ендеше қалай өзгеріп жүр?» – деп, Шоқан таңданыс білдіреді.

Тәттімбет көлдің Шайтанкөл аталуының себебін түсіндіре әңгімелейді. Осы сияқты Қарқаралы атауына Баян сұлудың бөркінің ешқандай қатысы жоқтығын, таудың өзі қарқара киіп тұрғандай болып көрінетінін де айтады. Жол бойы Шоқанның сұрауы бойынша бірнеше аңыз әңгімелердің шығу тарихына да тоқталады. Шоқан қатты риза болып, жақсы өлең-жырды, қисса-дастандарды, ертегі-аңыздарды, тапқыр сөздерді қағазға түсіріп, оларды нағашысы арқылы жіберіп тұруды өтінеді.

Тәттімбет қонақтарын жолдағы Бекназар шебердің үйіне де апарады. Мұса шеберге бір емес, екі домбыра жасауға тапсырыс береді. Шоқан мен Тәттімбет бір-бірін қимай қоштасады. Олар ұзап бара жатқанда күйші: «Болайын деп тұрған бала екен, тек құдай тағала тіл мен көзден сақтасын», – деп күбірлейді.

«Бестөре» күйі қарқаралылық Жамантай, Құсбек, Аманқарағай дуанының аға сұлтаны Шыңғыс Уәлиханов, баянауылдың дуанбасы Мұса Шорманов, Көкшетаудың сұлтаны Кенесары Қасымов секілді төрелерге арналған. Олардың арасында Қазанғап, Алшынбай, Құнанбай тәрізді қазақ жуандары да бар еді. Күйге олардың озбырлығы арқау болған. Тәттімбеттің өзі:

Бұл күйдің аты «Бес төре»,

Бесеуі бірдей мес төре.

Өз еліне қасқырдай

Неге болдың өш, төре», – деген сияқты кешегі Кеңес дәуірінің саясатына орай шыққан дақпыртты шындыққа балап, көркем шығармаларында, зерттеу мақалаларында айтып жүргендер аз емес.

1822 жылы «Сібір қазақтары туралы Устав» деген жаңа заң шыққаннан кейін ел арасында дау-дамай шығып, ұлықтарға арыз жазушылар көбейеді. Осыған байланысты патша Орта жүздің бес аға сұлтанына ел ішіндегі ұрыс-керісті шешу тапсырылады. Олар – Көкшетау округінен Шорманов Мұса, Ақмола округінен Жайықбаев Ыбырай, Атбасар округінен Сандыбаев Ерден еді. Олар Сарыарқа төңірегіндегі елге билік айтып, бітістіреді. «Бес төренің билігі сәтімен аяқталған соң, әр рудың білікті адамдарын шақырып, Арқаның кіндігі ғой деп Ақмолада бас қосады. Ақ үй тігіп, ақ боз аттан қан шығарып, береке-бірлікке пәтуаласады. Бұл бас қосудың ішінде Қазанғапұлы Тәттімбет те болған екен» [6,238 б.].

Сонда арқаланған Тәттімбет домбырасын теріс бұрауға салып өнегелі іске орай осы «Бес төре» күйін шығарып тартыпты. «Бес төре» дегендегі «төре» сөзі шыққан тегіне байланысты емес, қызметтеріне, лауазымдарына орай айтылған. Оқыған, тоқыған, қызметтегі кісіні қазақ «төре» деп атаған ғой. Жеңелерінің қайынысын «төре» деуі де содан шыққан. Әйтпесе, Шорманның Мұсасы – Қаржас, Жайықбайдың Ыбырайы – Қыпшақ, Өскенбайдың

Құнанбайы – Тобықты, Сандыбайдың Ердені – Найман. Оның үстіне бұлардың бәрі Тәттімбеттің сыйлас, ілік-жұрағат адамдары.

Ал, күйді шен-шекпенділерді шенеп, оларды елді қанаушы, тонаушы, озбыр санап шығарса, Тәттімбеттің өзі де, әкесі – Қазанғап та жүзбасы, би, болыс емес пе?! Жазушы Төрехан Майбас Тәттімбеттің «Қосбасар» күйі Кенесары ханның Кекілікте қолға түсіп, қазақ баласының аттан түскен кезінде рухы жаншылмасын деген ниетпен шығарған күйі екенін айтып:

Қосбасарлар солай туған,
Құран күйлер солай туған.

Қайда барарыңды білу үшін, қайдан келгеніңді білу керек. Бұл отқарудан да мықты қару– күйқару. Күйқаруымыз Қосбасарлар еді», [7] – дейді.

Т.Майбас осы мақаласында Француз Гзавье Аллездің Тәттімбет күйлерін бірнеше жылдан бері зерттеп келе жатқанын, оны жинақтап, Париж қаласында дискіге басқанын, сол дискілердің бірінде күйшінің 22 күйі барын жазады. Бірінші Николай дүниеден өткеннен кейін патша тағына мұрагер баласы Александр отырғаны белгілі. Соған орай, Омбыда Батыс Сібірге қарайтын Қазақ округтерінен Петербургке баратын делегация құрамын Шоқан Уәлиханов төрт томдық шығармалар жинағында былайша көрсетіпті:

Шыңғыс Уәлиханов – Сібір қайсақтары жөніндегі облыстық басқарманың кеңесшісі, подполковник, орысша жақсы біледі. Аққошқар Кішкентаев – Әлеке-Байдалы болысы, орысша білмейді. Тәттімбет Қазанғапов – Нұрбике-шаншар елінің елінің биі, орысша білмейді. Ыбырай Жайықбаев – Ақмола округінің аға сұлтаны, прапоршик, орысша жақсы біледі. Серкебай Малкелдин – Баянауыл округінің қайсақтар жөніндегі кеңесшісі, хорунжий, орысша білмейді. Мұса Шорманов – жүзбасы, Баянауыл округінің аға сұлтаны, орысша жақсы біледі. Бегалы Қоңыркұлжин – Ақмола округінің сұлтаны, орысша білмейді. Шөбек Байсарин – Көкшетау округі, Есенбай-Қарауыл болысының биі, орысша білмейді [8].

3. Нәтижелер мен талқылау

Шоқан Біржан салмен де Омбыда кадет корпусында оқып жүріп, елге келгенде танысады. Бұл жайында жазушы Сәуірбек Бақбергенов «Ақ боз атты ару» кітабында екеуінің құрдастай ойнап-күліп, талай-талай той, жиында бірге болып, Шоқанның Біржан әнін, өлеңін тамашалағанын айтады:

«Міне, бүгінгі кездесудің соңғы екенін бұлар да сезген жоқ. Жөкей көлінің жағасындағы ауылда Шоқан екі күн жатып, үшінші күні аттанды, – деп жазады жазушы. – Соңғы күн әнмен, ән сазымен, соның әсем ырғағына тербеле өтті. Жалғыз бұл екеуі емес, Жөкейдің жағасындағы Қожағұл ауылы бір тәулік кірпік ілмеді. Шоқан ең соңында алғаш танысқан күнгі, Біржан аузынан тұңғыш естіген әнді қайталап тыңдауға тілек айтты.

Біржан дос көңілін жықпады.

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын

Адамға зияным жоқ, жүрген жанмын...

Ән қанаты көлден ұшқан аққудың сыңсуындай толқынды тілгілеп, шырқау тартты. Көтеріле берді. Баяуламай тілгілеп, шырқау тартты. Баяуламай, мамырлап, жаңа атып келе жатқан таң сәулесіне қарай сап түзеген аққулар тізбегіндей ұласып, жалғаса берді. Бұл не ғажап, неткен үн, неғылған дауыс!

Жасым бар жиырмада, жасырмаймын,

Басымнан дұшпан сөзін асырмаймын.

Бұл оның бұдан он екі жыл бұрын, алғашқы айтқан әндерінің бірі екен. «Қандай ғажап, талантты адам!» – деп, Шоқан Біржан даусын, салған әнін тамсана тыңдады» [9, 11 б.].

С.Бақбергенов осы кітабында Шоқан мен Ақмолла ақынның арасындағы жолдастық қарым-қатынасты, Ақмолланың Черняев әскеріне қосылғаны, сондай-ақ Шоқанның Жаяу Мұсамен таныстығы, Жаяу Мұсаның Польша соғысына қатысқаны жайындағы әңгімелерін тыңдағаны, оның домбырасы мен скрипкасын арқалап Шоқан жанында жүргені баян етіледі [9,168-189 бб.].

Жазушы Шоқан мен Жаяу Мұсаның сұхбат құрып отырған сәттерін былайша суреттейді: «Шоқан орнынан тұрды. «Бұл жерден жырақтау отырайық» деген ишарат білдірді. Жаяу Мұса соңынан ерді. Бұл екеуі сағанадан алыстау, жалпақ тастың үстіне келіп отырды...

Жаяу Мұса жаңа бір әуен, тосын сарын тартты. Домбыра митыңдап, жорғаның шайқалғанындай теңселе басып жөнелді. Домбырашы салалы да тарамыс ұзын саусақтарын ішекте, біресе сағада, біресе құлақта ойнатып отыр. Күнге күйіп, тотығып кеткен мойнын қоңыр қаздың мойнындай иіп-иіп қояды. Бас күй ырғағымен ілесіп, төңкеріле кеп, кері қайтады. Бірде жайлап, бірде төпеп құбылтады. Домбыра сазында шапқан аттың дүбірі, желген маяның бүлкілі, жаяудың жалғыз тыпылы бар...

Саз да ауысты, көрініс те өзгерді. Шоқанға бір ұнаса осы ұнар дегендей, ол аңыратып «Сырымбетке» салды... [9,184-186 бб.]. Шоқан дүниеден өткенде Тезек төренің ауылдасы Төребай Есқожаұлының Шоқанның жары Айсара Көшенқызының атынан шығарған жоқтауында:

«Жаяу Мұса жан досы,
Жалықпаған шабыстан.
Нағашысы Мұса да
Тәуірлерге жанасқан
Сұлтан болды талай жыл
Атағы асып алаштан
Анасы Зейнеп ақылды,
Сыйлап өткен төрелер [9,36 б.] – делінеді.

Бұл –Жаяу Мұса Шоқанмен жай ғана таныс емес, жан досы болғанын айғақтайды. Шоқанның Орынбай Бертағылұлының (1813-1891) өлең-толғауларын зерттеп, жоғары баға бергені белгілі. С.Бақбергеновтің жоғарыда аталған кітабының эпилогында Орынбайдың Шоқанмен сан мәрте жүздесіп, оған талай-талай қисса, дастандар айтып бергені, оларды Шоқан жалықпай ұзақ тыңдап, өзіне керегін қайта айтқызып жазып алатыны, Шоқан дүниеден өткенде жары Айсараның жоқтауын естіп өлеңмен көңіл айтқаны суреттеледі» [9,274-278 бб.].

Шоқанның інісі Сақып-Керей (Қозыке) Уәлиханов танымал халық композиторы, ақын. Ақан серімен достық қарым-қатынаста болған. Ақанның «Ләйлім шырақ», «Ақ тоты», «Жамал қыз», т.б. әндері Сақып-Керейдің қызы Бадығұл-Жамалға арналған. «Ақан қартайған шағында да Уәлихановтар үйімен байланысын үзбеген. Ел арасында мәдениетті, білімді азаматтары көп, өнерге бас иетін Шоқан ауылын, оның қарындастары Нұрилла, Шәрбану және Әпияны еске алып әйгілі әні «Үш тоты құсты» шығарған екен деген сөз бар. Бірақ Уәлихановтар ұрпақтарының нақты деректеріне қарағанда, бұл ән Қозыкенікі екені айтылады» [10,135 б.].

Сақып-Керейдің «Айкөке», Қозыкенің «Аманаты», «Көкшетаудың биігі», «Керқұнажын» атты т.б. әндері болған. Ол жайында 1985 жылы Шота Уәлиханов жазып, Шоқанның інісі Жақыптың немересі Шәйзат Уәлихановтың айтуымен жеткен ән жарық көрді (№ 11). «Халық осы кезге дейін Қозыкенің кейбір әндерін Ақан серінің әндері деп шатастырып жүр» [10, 134 б.], – деп ғалым С.Өтениязов айтқандай,оның «Айкөке» әні қазақ әндерінің жинағында «халық әні» аталса [11, 161 б.], Ақан сері жинағына «Әйкөк» деген атпен кірген [12,29 б.] Бір әннің біресе халық әні, біресе Сақып-Керейдің, біресе Ақан серінің әні болып жүруі кешегі адамды да, әнді де соттаған кеңес заманындағы қуғын-сүргіннің кесірі. Бадығұл-Жамал да қасірет-қайғы шеккен. Төре тұқымынан болғаны үшін екі жыл түрмеге қамалған.

Ақан сері Қорамсаұлы Шоқан Уәлиханов дүниеден өткенде Шыңғыс төренің жиені Кәшімоллаға:

Ассалаумағалейкум, мырза Көшім,
Құдай артық жаратқан бір баласын.
Құдайым атыңызға дәулет беріп,
Белгілі орта жүзге бір данасың.
Деймісің ей, шырағым, өлмеген бар,

Құдайдың күдіретіне көнбеген бар?
Талайға сапар жолда қаза жетіп,
Үй-ішін, ата-анасын көрмеген бар.

Шыңыстың үлкен ұлы Шоқан еді,
Император патша жұртында оқып еді.
Құдайдың күдіретіне дауа бар ма,

Оған да сапар жолда қаза келді, – деп, орта жүзге даңқы шыққан Меңдекенің Шәңкісінің Қызылжарда, бақ-дәулеті ешкімнен кем болмаған Шорманның Мұсасының Омбы қаласында қазаға ұшырағанын, қанаты қайрылмайтын қыран, тұяғы майрылмайтын тұлпар болмайтынын жеткізіп көңіл айтып, өлең соңын:

Беріпсіз, ей, Кәшеке ағаңызды,
Жыртыпты Тәңірі жетіп жағаңызды.
Тәңірім сол қазаның қайырын беріп,
Өсірсін мал мен бас бағыңызды, – деген тілекпен түйіндейді [12, 99-100 бб.].

4. Қорытынды

Соңғы кезде Шоқанның замандастары Ақан сері, Жаяу Мұса, Біржан сал, Тәттімбет, тағы басқаларымен шығармашылық қарым-қатынасын арнайы зерттеу керектігі жиі айтылып жүр. Сәуірбек Бақбергенев Ш. Уәлихановтың туған халқын шексіз сүйі, оның болашағына көзқарасы және Ақмолла, Жаяу Мұса, Орынбай, Біржан салдармен аралас-құраластығы, жары Айсараға деген махаббаты баяндалатын бұл кітабын жазарда материалдар жинағаны анық. Ол жинаған материалдары балаларында, ақын ұлы Қайрат Бақбергеневтің қолында болуы мүмкін.

Сондықтан, музыка зерттеушілері Қайратпен хабарласса, қымбат қазына табылып қалар. Сондай-ақ жазушы, домбырашы «Біржан сал» филімінің сценарийін жазған Таласбек Әсемқұловтың «Тәттімбеттің Шығыс Түркістанға сапары» [13], сондай-ақ Молдабек Зікіршиннің «Тәттімбеттің көне суреті табылды» [14], Сейілбек Қышқашұлының «Кенесары қолын қаруландырған кім?» [15], Мұсатай Ғалымның «Бестөре кімдерге арналған?» [16], Таласбек Әсемқұловтың «Тәттімбеттің тарихы» [15], Майбас Төреханның «Тәттімбет» [7] мақалаларынан да, Самат Өтениязовтың «Шоқан өскен орта» атты кітабынан да [8] біраз мағлұмат алуға болады.

Әдебиеттер тізімі

- Мүсірепов Ғ. Ұрпағыма айтар сөз (Алғы сөз) Мұқтарұлы С. Шоқан және өнер / Алматы, – 1985.
Марғұлан Ә.Ш. Уәлихановтың өмірі мен қызметі туралы очерк. Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы I-т. – 1968.
Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары / Алматы: «Өнер», – 1981.
Марғұлан Ә.Ш. Шоқан және Манас, «Адамзаттың «Манасы» / Алматы: «Рауан», – 1995.
Ләмбеков С. Тәттімбет. Хикаят / Алматы: «Өнер», – 1993.
Тарақты А. Күй шежіре / Алматы: КРАМДС–Яссауи, – 1992.
Майбас Т. Тәттімбет. Хикаят // Егемен Қазақстан, – 2017.
Омбы Орталық Мемлекеттік архиві 3-қор, 3-тізім.
Бақбергенев С. Ақ боз атты ару / Алматы: «Жалын», – 1986.
Өтениязов С. Шоқан өскен орта / Алматы: Ғылым, – 1995.
Ауыл кеші көңілді / Алматы: Қайнар, – 1989.
Ақан сері. Өлеңдері, нақыл сөздері, әзіл-сықақ, қағытпалары, айтыстары / Астана: «Фолиант» баспасы, – 2008.
Әсемқұлов Т. Тәттімбеттің Шығыс Түркістанға сапары // Егемен Қазақстан, – 2015.
Зікіршин М. Тәттімбеттің көне суреті табылды // Қала мен дала, – 2015.
Қышқашұлы С. Кенесары қолын қаруландырған кім? // Қазақ әдебиеті. – 2003.
Ғалым М. «Бестөре» кімдерге арналған? // Қазақ әдебиеті. – 2007.
Әсемқұлов Т. // Қала мен дала, – 2015.

**ОСПАНУЛЫ, С., МЫРЗАГАЛИЕВА, К.М.,
ШОХАН И ПОЭТ-ПЕСЕННИКИ И КЮЙШИ**

В статье написано, что Чокан Валиханов начал собирать образцы казахского фольклора у поэтов, жырау и певцов во время учебы в кадетском корпусе в Омске и общаться с Таттимбет Казанганұлы, Жаяу Мусой, Биржан салом, Акмоллой и Орынбаем.

Ключевые слова: *Фольклор, Манас, кюй, домбыра, музыкант, кобыз, куйши, поэт, поэт-песенники*

**OSPANULY, S., MYRZAGALIEVA, K.M.,
SHOKHAN AND THE SINGER-POET AND MUSICIAN**

The article says that Chokan Valikhanov began collecting samples of Kazakh folklore from poets, zhyrau and singers while studying in the cadet corps in Omsk and communicating with Tattimbet Kazangapuly, Zhayau Musa, Birzhan sal, Akmolla and Orynbay.

Key words: *Folklore, Manas, Kui, dombra, kobyz, kuishi, kobyzshi.*

БІЗДІҢ АВТОРЛАР

Аканбаев, Б.Н. – педагогикалық ғылымдар магистрі, әдіскер, «Қостанай дарыны» өңірлік ғылыми-практикалық орталығы» КММ, Қостанай, Қазақстан.

Әбілмаликов, Қ.Қ. – тарих ғылымдарының магистрі, ғылыми-зерттеу бөлімінің жетекшісі, ҚР МСМ «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай-қорығы, Солтүстік Қазақстан облысы, Қазақстан.

Баубекова, Г.К. – педагогикалық білім беру магистрі, экология және география кафедрасының аға оқытушысы, А. Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, Қостанай, Қазақстан.

Бобренко, М.А. – биология магистрі, жаратылыстану ғылымдары кафедрасының аға оқытушысы, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.

